



САРАПТАМА

МӘЖІЛІС:
Депутаттар қандай
мәселелер көтерді?

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №45 (6607) 20 мамыр, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ЖАҢА ҚҰРАМ

Ұйымдастырушылық мәселелер қаралды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда Қоғамдық кеңестің IV шақырылымының Аалғашқы ұйымдастыру отырысы өтті. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес Кеңестің құрылымы мен алдағы қызметіне қатысты негізгі ұйымдастырушылық мәселелер қаралды.

Қоғамдық кеңестің жаңа құрамына 42 адам кірді – 39 азаматтық қоғам өкілдері және 3 мемлекеттік органдар өкілі. Ашық конкурс тікелей эфир арқылы өтті, оған 150-ден астам өтінім келіп түсті. Бекітілген құрамның 70 пайыздан астамы – жаңа тұлғалар. Кеңес құрамында барлық негізгі салалар қамтылған, 35 жасқа дейінгі жастар үлесі – 21,4%, орташа жас – 46. Сонымен қатар, құрамға қандастар, мүмкіндігі шектеулі жандар, экологиялық ұйымдар, жұмысшы мамандық иелері, Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдері мен жастар кірді, гендерлік теңдік те сақталған.

3

МЕГАПОЛИС

«МУЗЕЙ ТҮНІ – 2025»

Алматы мұражайларын бір түнде 20 мыңнан астам адам аралады

Шаһар музейлері театрландырылған қойылымдар мен перформанстар арқылы жанды тарих кеңістігіне айналды. «Музей түні – 2025» акциясы аясында Алматы тарихы музейі, Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі, Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі, Д.А.Қонаев музейі, Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музейлерін жиырма мыңнан астам адам тамашалады.

Қонақтарды қазақ әліпбиінің реформаторы Ахмет Байтұрсынұлы, Верный қаласының алғашқы бас жоспар авторы, сәулетші Польш Гурде, тұңғыш қазақ инженері Мұхамеджан Тынышпаев, көрнекті геолог Қаныш Сәтбаев, опера әншісі Ермек Серкебаев және әлемге әйгілі әнші Роза Бағланова бейнесіндегі артистер қарсы алды. Сонымен қатар, халық композиторлары Құрманғазы, Қорқыт, Біржан сал, Дина Нұрпейісова, Жамбыл Жабаев, Ақан сері және белгілі жазушылар Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің бейнелері де ұсынылды. Қонақтар Қазақстанның ұлттық мұрасы – «Алтын адам» бейнесіндегі үлкен қуыршақтарға ерекше қызығушылық танытты.

Алматы тарихы музейінде перформанстан бөлек «Алматы – махаббатым» спектаклі, археология мен әйел бейнелеріне



арналған дәрістер, сондай-ақ, Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған мюзикл қойылымы көпшіліктің ерекше ықыласына бөленді. Кештің соңы ашық аспан астындағы кино көрсетілімі мен квест жеңімпаздарын марапаттау рәсімімен аяқталды.

Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйінде алаштанушылардың дәрістері мен «Алаш» қозғалысы қайраткерлеріне арналған театрландырылған қойылым өтті. Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің әдеби музейлерінде спектакльдер, викториналар және жазушылармен кездесулер ұйымдастырылды. Көрермендер «Мөлдір махаббат» және «Қыз Жібек ариясы» қойылымдарын тамашалады. Мультимедиялық

дәстүрлі музыка орталығында Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған концерт пен «Бес асыл іс» тақырыбындағы дәріс өтті, сондай-ақ, көрмеге Шәмші Қалдаяқовтың мандолинасы секілді сирек экспонаттар қойылды.

Жалпы, кешкі сағат 18.00-ден түн ортасына дейін мегаполистің сегіз музейінде экскурсиялар, қыш және бейнелеу өнері бойынша шеберлік дәрістері, музыкалық аспаптар жасау, зияткерлік ойындар, жазушылар мен мәдениеттанушылармен кездесулер, сонымен қатар танымал өнерпаздардың қатысуымен «Алматы кеші» концерттік бағдарламасы өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

20.05.2025

Түнде:



+9+11 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+22+24 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

21.05.2025

Түнде:



+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

22.05.2025

Түнде:



+14+16 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



МӘЖІЛІС:

Депутаттар қандай мәселелер көтерді?

ҚР Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылымы 2023 жылдан бері жұмыс істеуде. Жақында III сессиясы өз жұмысын аяқтайды. Осыған орай депутаттардың жауапты мемлекеттік органдарға жолдаған сауалдарына шолу жасаймыз. Алысқа бармай, шолу кезеңі ретінде мамыр айын алдық. Алдағы уақытта сессия жұмысы аяқталғасын биылғы жұмысына тоқталамыз.

Билеуші партия белсендірек

Талдау кезеңі ретінде 2025 жылдың 1–18 мамыр аралығын таңдадық. Осы аралықта Мәжіліс депутаттары 24 сауал жолдаған. Сауал саны жағынан билеуші «AMANAT» партиясы көш бастап тұр. «Аманаттықтар» 9 сауал жолдаған. Екінші орында 4 сауалмен «Ауыл» партиясы фракциясы. ҚХП мен «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясының фракциясы 3 сауалдан жолдаған. Ал оппозициялық ЖСДП белсенді емес. Керісінше, «Respublica» белсендірек.

Фракциялар	Сауалдар саны	Бірлесе жолданғаны
«AMANAT»	9	-
«Ауыл»	4	AMANAT – 1, ҚХП – 1
«Ақ жол»	3	AMANAT – 2
ҚХП	3	«Ақ жол» – 1
«Respublica»	2	-
ЖСДП	0	-
Ортақ сауал	3	-

Депутаттар фракциясымен бірге немесе жеке өзі, сондай-ақ өзге фракциялармен бірлесе сауал жолдай алады. Бұл көрсеткіш бойынша «Ауыл» мен «Ақ жол» фракциялары белсендірек. Алғашқысы «AMANAT» пен ҚХП фракциясы депутаттарына қосылып сауал дайындаған. Ал «Ақ жол» фракциясы билеуші партияның бастамасын қолдаған. ҚХП «ақжолдықтардың» бір бастамасын қолдаған екен. Бұдан шығатын қоры-



(Дереккөз: mazhilis.parlam.kz).

тынды биліктегі партиялар билеуші партияның бастамасын көбірек қолдайтынын байқауға болады.

Жеке өзі сауал жолдаған депутаттар да бар. Бұл жағынан «AMANAT» партиясының депутаттары белсенді. Жұлдыз Сүлейменова, Наталья Дементьева және Сергей Пономарев әрқайсысы 1 депутаттық сауалдан жолдаған.

Шешімін кім айтады?

Сауалдардың кімге жолдануы да өте маңызды. Себебі, «депутаттар көтерген мәселелердің шешімін кім айтады?» деген сұраққа жауап беріледі. 10 сауал ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновке бағытталған. Демек, көтерілетін мәселелердің басым көпшілігі Премьер-министр деңгейінде, орталықтан шешілуі тиіс.

Келесі кезекте Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев тұр. Депутаттар талдау кезеңінде 6 сауал жолдаған. Сол сияқты, Бас прокурор Берік Асыловқа – 3, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға – 2 сауал бағытталған. Ал Серік Жұманғарин, Светлана Жақыпова және Жаслан Мәдиевке бір сауалдан жолданған.

Лауазымды тұлғалар	Бағытталған сауалдар саны
Олжас Бектенов (Премьер-министр)	10

Ермек Көшербаев (Премьер-министрдің орынбасары)	6
Берік Асылов (Бас прокурор)	3
Роман Скляр (Премьер-министрдің бірінші орынбасары)	2
Серік Жұманғарин (Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі),	1
Светлана Жақыпова (Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі), Жаслан Мәдиев (Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі)	

Әлеуметтік мәселе жиі көтеріледі

Сауалдардың жолдану адресатынан-ақ депутаттар қандай мәселе көтеретінін байқауға болады. Премьер-министрден кейінгі сауалдардың басым бөлігі оның орынбасары Ермек Көшербаевқа жолдануының да себебі бар. Е.Көшербаев Үкіметте еліміз үшін маңызды салаларды үйлестіреді. Атап өтер болсақ, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік және ақпараттық салалар. Алғашқы үшеуі әлеуметтік мемлекетті қалыптастырады.

Мәжіліс депутаттары Е.Көшербаевқа сауал жолдап техникалық қызметкерлердің жалақысын арттыру, МӘМС жүйесін реформалау, ұлттық кітап мәселесі, ішкі нарықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, ерекше балаларды қорғау, ЖИ мен инновацияны денсаулық сақтау жүйесінде қолдану секілді аса маңызды мәселелерді көтерген.

Өзге лауазымды тұлғаларға жолданған сауалдардың басым бөлігінде де әлеуметтік мәселелер көтерілген. Атап өтер болсақ, балаларды қорғау күнін мемлекеттік мереке етуге ұсыныс, кәсіптік және арнайы білім беруді қолдау, ауыл мектептеріндегі интернет мәселесі. Бұдан бөлек, ЖИ мен ақпараттық технологияларды дамыту мен оларды енгізудегі тәуекелдер туралы да ұсыныс бар.

Алайда, сауалдардың бір кемшіл тұсы байқалады. Олардың басым бөлігінде республикалық деңгейдегі мәселелер көтерілген. Ал өңірлік мәселелер өте аз қамтылған. Бірақ бұл өңірлердің мәселелері мүлдем қозғалмайды деген сөз емес. Толық көзқарас қалыптасу үшін кем дегенде жыл басынан бастап сауалдарға шолу жасау қажет. Жоғарыда атап өткеніміздей, бұл мәселеге газетіміздің алдағы сандарының бірінде толығырақ тоқталамыз.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛАҢ

ҰЛТТЫҚ ФОРУМ

Мамандар көпсалалы ем тәсілдерінің маңыздылығын талқылады

Алматыда ішектің қабыну ауруларына (ІҚА) арналған IX ұлттық форум өтті. Оған Қазақстан, Ресей, Бельгия, Израиль және басқа елдерден келген жетекші мамандар қатысты.

Кұралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Форумға гастроэнтерологтар, колопроктологтар, терапевтер мен инфекционистер секілді 300-ден астам дәрігер келді. Іс-шараны ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ, Қазақ ғылыми қоғамы ұйымдастырды.

Сарапшылардың айтуынша, соңғы жылдары Крон ауруы мен ойық жаралы колитке шалдыққан адамдар саны айтарлықтай артқан. 2018 жылы Крон ауруы 555 адамда тіркелсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 1631-ге жеткен. Ал ойық жаралы колитпен ауыратындар саны 2218-ден 7305-ке дейін өскен.

2024 жылғы мәліметтерге сәйкес, елімізде ішектің қабыну ауруларына



(ІҚА) шалдыққандар саны әр 100 мың адамға шаққанда, 5–10 жағдайды құрайды. Бұл дерт көбіне 35–40 жас аралығындағы адамдарға диагноз ретінде қойылады. Мамандардың айтуынша, ІҚА-ның таралуына урбанизация, созылмалы стресс, сондай-ақ антибиотиктерді бақылаусыз қабылдау сынды

факторлар әсер етуде. Сонымен қатар, дәрігерлер аурудың көбіне жасөспірімдер мен орта жастағы азаматтар арасында жиі кездесетінін және бұл үрдіс алаңдаушылық туғызатынын ерекше атап өтті.

Форум барысында Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу

институтының басқарма төрағасы Марат Пашимов елімізде ішектің қабыну аурулары мен қысқа ішек синдромын емдеу және нутритивтік түзету бойынша алғашқы мамандандырылған орталық ашылғанын мәлімдеді: «Біздің институтта заманауи диагностикалық жабдықтармен қамтылған және кәсіби мультидисциплинарлық топ жұмыс істейтін орталық құрылды. Оның негізгі мақсаты – ІҚА мен қысқа ішек синдромы бар науқастардың өмір сүру сапасын жақсарту және мүмкін болатын асқынулардың алдын алу. Бұл орталық – білікті көмекке мұқтаж жандар үшін ашық», – деді төраға.

Форумда ерте диагностика, биологиялық терапияның қолжетімділігі, көпсалалы ем тәсілдерінің маңыздылығы талқыланды. Сондай-ақ, кейбір өңірлерде эндоскопия мен психологиялық көмекке қолжетімділіктің төмендігі де айтылды. Іс-шара аясында жас ғалымдар байқауы ұйымдастырылды.

Осылайша форум ІҚА-мен ауыратын пациенттердің өмір сүру сапасын жақсарту жолдарын қарастыру, тәжірибе алмасу және бірлескен шешімдер әзірлеу үшін маңызды алаңға айналды. Ал қорытындысында елімізде мамандандырылған орталықтар желісін кеңейту, пәнаралық бірлескен жұмысты нығайту, халықаралық тәжірибеге негізделген клиникалық ұсынымдарды енгізу және дәрігерлердің кәсіби дамуын тұрақты түрде қамтамасыз ету қажеттігі атап өтілді.



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ЖАҢА ҚҰРАМ

Ұйымдастырушылық мәселелер қаралды

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Жиын кезінде дауыс беру қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңестің төрағасы болып Махамбет Қабдұлқайырұлы Хасенов сайланды. Ол – тәжірибелі басқарушы, қоғам белсендісі, ұзақ жылдар бойы партия құрылымында басшылық қызмет атқарған, сондай-ақ бизнес жобаларда табысты тәжірибесі бар. Экономика, энергетика, экология және құқық салаларында білікті маман.

Жиында Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі комиссияларының төрағалары да бекітілді:

► №1 комиссия – Экономика, қаржы, активтер, мемлекеттік басқаруды дамыту, қоғамдық және сейсмикалық қауіпсіздік, цифрландыру бойынша: Шухрат Ахмеджанович Шардинов, «Алматы көпір құрылымдары зауыты» ЖШС директоры.

► №2 комиссия – Құрылыс, сәулет, урбанистика, жер қатынастары және қоғамдық кеңістіктерді дамыту бойынша: Гүлмира Масабекқызы Байғабылова, «Urban Living» ЖШС бас директоры және құрылтайшысы, урбанист.

► №3 комиссия – Коммуналдық инфрақұрылым, энергетика, сумен жабдықтау және қалалық мобильділік бойынша: Асхат Рахымжанұлы Қабашев, Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институтының жаңа оқыту технологиялары жөніндегі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

проректоры, «Ельтай Каолин» ЖШС директоры.

► №4 комиссия – Кәсіпкерлік, инвестициялар, туризм және экология бойынша: Нұржан Бауыржанұлы Жақұпов, «Үшінші Consulting» ЖШС директоры, «Хак-Назар» ҚҚ мен «Жаңа Ғасыр» әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу қауымдастығының төрағасы.

► №5 комиссия – Қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар ісі бойынша: Марлен Жақсылықұлы Рысбеков, Алматы қаласының нотариусы.

► №6 комиссия – Денсаулық сақтау, білім және жұмыспен қамту бойынша: Зәуреш Жұманәлиевна Аманжолова, мемлекет және қоғам қайраткері, медицина ғылымының докторы.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейіржан ОТЫНШИЕВ,
Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы:

Маңызды азаматтық институт

Қоғамдық кеңестер билік пен халық арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға арналған маңызды азаматтық институтқа айналды. Қоғамдық кеңес Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасымен үйлесім тауып, мемлекет пен қоғамды байланыстырушы аса тиімді көпірге айналып отыр. Алматы қаласының Қоғамдық кеңесі сүйікті қаламыздың әрі қарай тұрақты дамуына, маңызды құжаттар мен бағдарламаларын жан-жақты сараптауына, азаматтардың ұсынысын жүзеге асыруға үлес қосады деп кәміл сенемін.



«АЛМАТЫ ҚАЛА ЖАРЫҚ»

ҚАЛАНЫ АЙШЫҚТАЙТЫН ҚАДАМДАР

мегаполисті қауіпсіз әрі заманауи шаһарға айналдыруға бағытталған

Жанға жайлы қала құрудың маңызды міндеттерінің бірі – жарықтандыру. Бұл қала көркейген бірге тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлы тұрмысы үшін де маңызды. Бүгінгі күні Алматыда осы бағыттағы жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Мегаполисте сыртқы жарықтандыру желілерінің құрылысы 10 есеге артты.

Наурызбай батыр көшелерінде – жарық жүйесін толық жаңарту жобасы жүзеге асырылуда. Бұл бағытта 3 мың шам мен 1000-нан астам тірек орнатылады. Дейтұрғанмен, қаланы жарықтандыру жұмысы мұнымен тоқтамайды. Биыл «Алматы Қала Жарық» мекемесі 1200 жаңа сыртқы жарық желісін салуды жоспарлап отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 10 есе көп. Қаланың түнгі бейнесін айшықтайтын бұл қадамдар мегаполисті қауіпсіз әрі заманауи қалаға айналдыруға бағытталған.

«Алматы Қала Жарық» МКК басшысы Игорь Мысиктің айтуынша, жарықтандыру инфрақұрылымын қалпына келтірумен қатар, аталмыш мекеме жарығы жеткіліксіз немесе түнгі шамдары мүлде болмаған аудандарда да жұмыс жүргізуде. Мәселен, «Түркістан» ықшамауданында бұрын тастай қараңғы болған жеті көше жарықпен қамтылды. Осындай 120 учаске 2024 жылы жарықтандырылса, 2025 жылы бұл сан 1200-ге жетпек. Сонымен қатар, Есентай өзені бойындағы сквер секілді жерлерде тозған кабельдер ауыстырылып, жарық қайта қалпына келтірілді. Сыртқы жарықтандыру жүйесінің екінші кезеңінде жол жиектері мен жаяу жүргінші жолдарын жарықтандыруға ерекше көңіл бөлінуде. Қалада алғаш рет жаяу жүргінші өткелдерін түнгі уақытта жарықтандыру басталды. Алмалы ауданында 300-ден астам шам жол жиектеріне орнатылса, жұмыс басқа аудандарда да жалғасады. Қоғамдық кеңістіктер де назардан тыс қалған жоқ: Панфиловшылар саябағында, Республика алаңында, Абай алаңында және басқа нысандарда қосымша шамдар қойылды. Үшінші кезең – жарықтандыру жүйесін толық автоматтандыру. Қалада 1500-ге жуық басқару шкафының 70%-ын жаңарту жоспарда бар. Жаңа СЖБШ (сыртқы жарықты басқару шкафтары) ақауларды жылдам анықтауға мүмкіндік береді және бүкіл жүйенің сенімділігін арттырады. 2025 жылы 800-ге жуық жаңа СЖБШ орнатылады. Қаланың сәулеттік нысандарын жарықтандыру да назарда. Республика сарайы, Құрманғазы атындағы консерватория, ҚазҰУ,



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Игорь МЫСИК,
«Алматы Қала Жарық» МКК басшысы:

Азаматтардың шағымы ескерусіз қалмайды

2025 жылдың алғашқы төрт айында жарыққа қатысты 4300 өтініш өңделіп, ақаулардың 70%-ы қысқа мерзімде жойылған. Қазір бұл бағытта күніне 40 бригада жұмыс істеп жатыр. Бұл бір жарым жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда, 5 есе көп. Жолдарды жарықтандыруда биік ағаштар кедергі келтірмеуі үшін 4 метрлік жаңа кронштейндер орнатылып жатыр. Бұл шамдар ағаштар тасасында қалмай, жолды толық жарықтандыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қалада 7–12 метрлік биік бағаналар негізгі көшелерге, ал саябақтар мен жаяу жүргінші аймақтарына 3–7 метрлік бағаналар орнатылуда. Кейбір шамдардың күндіз жанып тұруы жөндеу жұмыстарына байланысты болса, ашық люктер мен сынған шамдар – вандализмнің салдарынан туындайды. Мұндай жайттарға қарсы күрес жалғасып жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Алматы 2025 жылдың соңына дейін 100% жарықтандырылуы тиіс. Қала әкімдігі мен жауапты мекемелер бұл бағыттағы жұмыстарды кестеге сай орындап келеді. Біздің негізгі мақсатымыз – алматылықтардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету.

спорт кешендері мен вокзалдар – барлығы 70-ке жуық маңызды ғимарат жарықпен әрленуде. Бұл кешкі уақытта Алматының көркін ашып, тұрғындар мен қонақтарға ерекше эстетикалық әсер қалдыруда.

Ернұр
РЫСБАЙ

2025 жылдың алғашқы төрт айында 12 мыңнан астам жаңа жарық шамы мен 450 тірек орнатылып, 110 шақырымға жуық кабель желісі тартылды. Бұл жұмыстар жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолға алынған.

Бүгінде Алматының негізгі жолдары мен демалыс аймақтарына ерекше көңіл бөлініп отыр. Әкімдік тапсырмасымен жаяу жүргіншілер жолдары, саябақтар мен жол жиектеріне 5700 шам қойылды. Әл-Фараби даңғылы мен Бұқар жырау бульварында жаңа жарық желілері салынып, істен шыққан тіректер ауыстырылып жатыр. Сонымен қатар, ағаштарға зиян келтірмей жарық орнату үшін 4 метрлік кронштейндер қолданылуда. Абылай хан, Наурызбай батыр мен Абай даңғылына осындай 341 кронштейн орнатылды.

Ал Медеу және Жетісу аудандарында бұрын көше шамдары жоқ орындар енді түнгі уақытта да жарық әрі қауіпсіз. Мысалы, Үлкен Алматы каналы бойында ұзындығы 1,3 шақырым болатын жарық желісі тартылып, Жансүгіров көшесінен «Гүлдер» саябағына дейінгі бөлікте алғаш рет жарық орнатылды. Бұдан бөлек, Әуезов пен Байзақов көшелерінің қараңғы бөліктері де жарықпен қамтамасыз етілді.

Қазіргі таңда Алматының жеті негізгі көшесінде – әл-Фараби, Төле би, Сейфуллин, Абай, Назарбаев, Әуезов пен



КЕЛБЕТ

ТҰЛҒА ЖАЙЛЫ ТҰҒЫРЛЫ ОЙ

Адамның өмір жолында кездескен тағдырлы тұлғалар кейде санада мәңгі өшпестей із қалдырады. Олар айтқан бір ауыз сөз, берген бір парасатты кеңес, танытқан жанашырлық жылдар өтсе де, жүрек түбінде ұмытылмас естелікке айналады. Мен үшін сондай асыл жанның бірі — еліміздің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, ұлт зиялысы Қуаныш СҰЛТАНҰЛЫ.

АҒА АҚЫЛЫ

Әлі есімде, журналистика саласында жеті жыл еңбек етіп, жаңадан кеден саласына ауысқан кезім. Бір күні мені Қуаныш Сұлтанов ағамыздың іздетіп жатқанын естідім. Бұл хабардың астарында жақсылық барына күмәнім болған жоқ. Белгіленген уақытта қабылдауына бардым. Министр кабинетіне кірген сәттегі әсерімді сөзбен жеткізу оңай емес. Бұрын мінберлерден сырттай ғана көріп жүрген абзал аға мені «Қал жақсы ма, айналайын?» деп жылы қарсы алды.

— Сені сырттай жақсы танимын. Жазғандарыңды қалт жібермей оқып жүрем. Сондықтан өзіме жұмысқа шақырмақ болғам, бірақ сен кеденге ауысып кетіпсің ғой, — деп бастады әңгімесін Қуаныш аға.

Бұл сөздер мені қуантқанымен, сол сәтте не айтарымды білмей тосылып қалдым. Өйткені, осы кездесудің сәл алдында ғана Кеден комитетінің төрағасы Нұрлан Тілемісовтің өзі болашағыма қатысты жоспарларымен бөліскен еді. Ойымды ағаға бүкпестен жеткізіп едім, ол кісі: *«Бағдарың дұрыс екен. Кеден жаңа сала, өсуге мүмкіндік бар. Бірақ бір ғана өтінішім — қай салада жүрсең де, қаламыңнан ажырама, қолыңдағы қаламыңды тастама, қарағым. Себебі, қолынан жазу келудеген сөз адамның маңдайындағы жарқырап тұрған шырағы екенін ұмытпа. Өкінішке орай, мен таныған қаншама талантты журналистер басқа салаға ауысқан кезде қаламын қаңтарып тастап, көптің бірі болып қалды. Ал енді өмірде қаламының құдіретімен танылып, талай биікке шыққандарды өзің де жақсы білесің. Солардың бірі және бірегейі өзіңнің нағашың Кәкімжан Қазыбаев аға. Менің осы ағалық ақылымды есіңнен шығарма. Хабарласып тұр, есігім әрдайым ашық. Мақсат-мұратыңа сергектік серік болсын»,* — деп оң батасын берді.

Иә, өмір болған соң алдында қандай белес, қандай егес күтіп тұрғанын білмейсің. Қызмет жүгі қаншалықты ауыр болса да, қолымдағы қаламымды тастаған жоқпын. Күндіз жұмыста болсам, кешке жазу столына отырдым. Ең бірінші детектив жанрында «Қорқаулар түнде жортады» атты кітабымды шығарып алдым. Содан кейін бұқаралық ақпарат құралдарында кеден өмірінен біраз детективтік және құқықтық жанрдағы материалдар жарияладым. Сол арқылы қазақ оқырмандары жаңадан құрылған кеден қызметінің маңызы мен міндетін түсінді. Сонымен қатар, кәсіби кеденшілердің ішінде бірінші болып «Кеден ісі бойынша сұрақтар мен жауаптар – Вопросы и ответы по таможенному делу» атты оқу құралын екі тілде жазып шығардым.

Аталмыш оқу құралы кеден комитетінің басшылығы мен жоғары оқу орындары тарапынан жақсы бағаланды және кедендегі мансабыма да үлкен ықпалын тигізді. Соның нәтижесінде қатардағы лейтенанттан кеден қызметінің полковнигі, қатардағы инспектордан кеден бастығына дейінгі жолдан өттім. Мен сонда ғана Қуаныш аға айтқандай, қолдан жазу келудегенің адамның маңдайына Алла Тағаланың жағып берген шырағы екенін жете түсіндім.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтановты сексен жасқа толған мерейтойымен құттықтап, «Отан» орденін салтанатты түрде табыстады.

— Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап елісіне белсене атсалыстыңыз. Мемлекеттігіміздің тұғырын нығайту жолында еңбек еттіңіз. Министр, кейін Премьер-министрдің орынбасары болдыңыз. Дипломатиялық қызметте еліміздің қауіпсіздігін нығайтуға зор үлес қостыңыз. Қытай Халық Республикасында Төтенше және өкілетті елші болдыңыз, сондай-ақ Моңғолия, Вьетнам және Солтүстік Корея елдерімен қарым-қатынасты дамыту үшін табанды жұмыс істедіңіз. Сіз елімізде парламентаризм институтын дамытуға мол үлес қостыңыз. Жоғары Кеңесте депутат, Төрағаның орынбасары болдыңыз. Одан кейін үш рет Сенаттың, екі рет Мәжілістің депутаты ретінде заң шығару ісінің бел ортасында жүрдіңіз. Өзекті мәселелерді қозғадыңыз. Қазір де қоғамдық жұмыстан қол үзген жоқсыз. Сіздің қажыр-қайратыңыз, мемлекетшіл болмысыңыз, адамгершілігіңіз жастарға үлгі-өнеге болады деп ойлаймын, — деді Президент.

«ТҰМА СУЫ ӘРДАЙЫМ ТҰНЫҚ БОЛАДЫ»

Кейінгі жылдары да Қуаныш аға қандай жоғары лауазымды қызметте жүрсе де, менің шығармашылық қадамымды назарынан тыс қалдырған емес. Әсіресе, газет беттерінде жарық көрген мақалаларым бойынша телефон шалып, пікір білдіріп, әрдайым көңілімді көтеріп жүрді. Бұл жағдайлар маған үлкен қанат бітірді. Сол кезде жауапты да қауырт қызметтерде жүріп, қатардағы қаламгер інісінің жазғандарын оқуға уақыт тауып жүргеніне таңқалатын едім.

Әсіресе, «Жас Алаш» газетінде жарық көрген белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы-журналист Кәкімжан Қазыбаев туралы «Тұма суы әрдайым тұнық болады» атты эссемді оқыған бойда бірден маған хабарласып, материалдан алған әсерін және ағалық ақылын айтып, мерейімді өсіріп тастады. Онымен қоса, сол кездегі кеден комитетінің төрағасы, марқұм Бердібек Сапарбаев ағамызға телефон шалып:

— Қарамағыңда қандай қабілетті азаматтар қызмет жасайтынын білгенің дұрыс қой. «Жас Алаш» газетінде Бекен Нұрахметов деген ініміздің жақсы материалы шығыпты. Соны оқып шықшы мүмкіндігің болса, — депті. Осылайша ниеттес ағалардың шынайы пейілі маған шабыт беріп, биікке жетеледі. «Бір ауыз жылы сөз бір адамның тағдырына әсер етуі мүмкін» деген рас қой. Қуаныш Сұлтанұлының осындай жылы пікірінен кейін Бердібек Мәшбекұлымен аразымызда шынайы ағалық-інілік сыйластық басталды. Әрдайым ағалық қамқорлығын жасап, өзіне жақын тартып жүрді. Сонымен қатар, азды-көпті еңбегімді бағалап, 2005 жылы мемлекеттік марапатқа ұсынды және болашақ мансабыма да көп ықпалын тигізді. Осылайша өмір жолында Бердібек Мәшбекұлынан да талай шарапат көрдім және көп нәрсе үйрендім.

ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМ

Мына бір оқиға әлі есімнен кетпейді. 2002 жылы кеден саласында болып жата-

тын ауыс-күйістер мені де нақақтан-нақақ жанап өтті де, «Бақты» кеденінің бастығы қызметінен босадым. Біраз уақыт қызметсіз жүріп қалдым. Содан бірде Шығыс Қазақстан облысына кедендік бақылау басқармасының бастығы лауазымына бару ұсынылды. Алайда, Алматыдан тым алыс болғандықтан бұл қызметті кішкене олқысынып қалған жайым бар. Сол кезде ақыл сұрап, Қуаныш ағама хабарластым.

— Бекен, сенің жасың қаншада қазір? — деді менің уәжімді естіген бетте.

— Қырықта, — дедім. Сол кезде:

— Қарағым-ау, қырық дегенің нағыз қылшылдап жұмыс істейтін кездерің емес пе, — деді сабырлы кейіпте. — Осы уақытқа дейін мен не көрмеді дейсің? Жоқшылықты да, әкеден ерте айырылған жетімдікті де көрдік. Колбиннің қылышынан қаны тамып тұрған кезде де талай әділетсіздікті бастан өткердік. Бұның бәрі үлкен өмір мектебі екенін ұмытпа. Есіңде болсын, мықты адам биікке шыққан емес, биіктен құлап, қайта көтерілген адам. Сондықтан да өзінді еңбекқор және қиындықтан қаймықпайтын азамат ретінде көрсете білуің керек, — деді. Парасат биігіндегі тұлғаның бұл тұжырымы менің өмірлік ұстанымыма айналды.

Қазақтың белгілі ақыны Олжас Сүлейменов өзінің Д.А.Қонаев туралы жазған естелігінде Димаш ағаның артында ешбір ұрпағы қалмаса да, қаншама азаматтарды ала жіпті аттамайтын адалдық пен азаматтыққа тәрбиелегені жөнінде жақсы айтып өтіпті. Солардың бірі де бірегейі — Қуаныш Сұлтанұлы екені даусыз. Жуырда жарық көрген «Қазақтың Қонаевы» атты деректі туындысында Қуаныш аға ұстазы жайлы, біртуар тұлғаның көшбасшылық қабілеті, қайраткерлігі, саясаткерлігі, ұстаздығы және ала жіпті аттамайтын адалдығы туралы жақсы айтып өтіпті. Автор өз көзімен көріп, көңілге түйген әсерлерін жүрек сүзгісінен шынайы өткізе білген. Және де бұл кітаптан «Тұлға дегеніміз кім? Қайраткердің болмысы қандай болуы керек?» деген сияқты сұрақтардың да нақтылы жауабын алуға болады. Кітаптың құндылығы да сонда. Осы орайда аталмыш туындының көпшілік оқырманға ғана

емес, билік басында жүрген жастарға да берер тағылымы мол. Себебі, қазіргі уақытта біздер талай пенделердің сана сезімі материалдық игіліктерге байланып, пір тұтарлық тұлғалардың қатары азайып бара жатқан заманда өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек.

Өз басым Қуаныш Сұлтанұлының шығармашылығын да, ол кісі туралы белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің жазған дүниелерін де қалт жібермей оқып, жан-дүниесін жете таныдым. Билік басындағы, саясат сахнасындағы талай лауазымды қызметтерді атқарып, ұлтқа мінсіз қызмет етті, халық мүддесінен танбады. Адалдық, парасаттылық, ұлтқа деген шынайы жанашырлық — оның әрбір ісінен, әрбір сөзінен аңғарылып тұрады. Ол кісінің тек қайраткерлік болмысынан ғана емес, адами адамгершілік, парасатты келбетінен де көп тағылым алдым. Жоғары биліктің талай сатысынан өткен ол ешқашан халықтың еншісіне қол сұқпады, басқалар сияқты қарашаға тиесілі қазынаға көз алартқан жоқ. Ел алдындағы перзенттік, азаматтық борышы мен адалдығын биік ұстады. Қызмет бабында кімнің қабілеті бар — соны танып, тұғырға шығара білді.Тәуелсіздіктің іргетасын қалауда көп еңбек сіңірді.

ЖҮРЕКТЕГІ ШЫРАҚ

Еліміздің болашағын және стратегиялық маңызын айқындайтын халықаралық маңызы бар құжаттарды қабылдау кезінде Қуаныш аға ерекше табандылық таныта білді. Қаншама азаматтарды ұлтжандылыққа, адалдыққа және ел мүддесі үшін еңбек етуге тәрбиеледі. Қазақтың біртуар ақыны Фариза Оңғарсынова «Ел білетін азамат» атты мақаласында: «Билігінің беделін пайдаланып, белден басып, байлық жинамады... Көзі ашық, көңілі сергек, іскер азаматтарды қазақ елінің әр өлкесінен көзі шалып, қатарға қосуға тырысты. Бүгінде ел аузында жүрген Иманғали Тасмағамбетов, Қырымбек Көшербаев, Сергей Дьяченко, Маркен Шайжүнісов, Мұхамбетқасым Шақенов, Күләш Шәмшиденова, Серік Ақымбеков секілді азаматтарға Қуаныш Сұлтанұлы кезінде қамқор болған» деп жазыпты.

Ол өзінің бекзат болмысы арқылы мені зиялылыққа, шығармашылыққа, қиындыққа қарсы күресе білуге және бұралаңбұлтарысы көп өмір жолында адаспай жүруге үйретті. Сол үшін де Қуаныш ағасияқты салиқалы адамдардың ақылын тыңдап, тәлімін көрген тағдырыма ризамын. Кез келген жұмыр басты пенденің өмір жолында ұстаздарынан, қызметтес болған әріптестерінен және замандастарынан үйренері көп екені ақиқат. Өкінішке орай, мүмкіндігім бола тұрса да, Қуаныш Сұлтанұлы сияқты азаматтармен қызметтес болу және биік мінберлерде иық тіресіп, бірге жүру менің пешенеме жазылмапты. Әуелі замандас болдым деп айтудың да қисыны келмейтін сияқты. Тіпті, ешбір туысқандығым мен руластығым да жоқ. Соған қарамастан, жанашыр інісі ретінде мені өзіне жақын тартып, болашағымнан үлкен үміт күтті. Абзал ағамның мәйіріміне бөленгенім — тағдырымның маған берген үлкен сыйы деп білемін. Бір ауыз жылы сөз — тағдырдың бағытын өзгертуі мүмкін. Қуаныш ағамның жүрегінен шыққан шынайы кеңестері — менің жүрегімде мәңгі шырақ болып жана бермек. Өмір жолында осындай дара тұлғалармен жүздесіп, тағылымын алу — үлкен бақыт.

Бекен НҰРАХМЕТОВ, жазушы-журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты, кеден қызметінің полковнигі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.





ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗБЕН ЖҮЗДЕСУ



Бостандық ауданындағы №81 мектеп-гимназия ұжымы қазақтың қайраткер қызы, асылдың сынығы, ұлағатты ұстаз Орынша Жолмұратқызы Қарабалинамен кездесті.

Бүгінде 93 жасқа келсе де, қазаққа тән қарапайымдылығымен, көркем мінезімен ерекше ел анасы мектеп ұжымының шақыртуын қабыл алып, кездесуге келді. Ғасырға жуық уақытты зерделеп, қайтадан ойға түсіру оңай емес. Соған қарамастан, жады мықты жан барлық сауалға жауап беріп, өмір естеліктерін еске түсірді. Кездесуді ашқан мектеп директоры Нәзира Садықова үлгі тұтар ұлы тұлғамен жүздесуді ұжымның көптен бері тосып жүргенін тілге тиек етті.

– Жарты ғасырдан да ұзақ уақыт ұстаздық еткен Орынша Қарабалинаның ғұмыры бізге қашан да үлгі-өнеге. Атағы елге танымал кешегі ауылдан шыққан қазақ балаларын тәрбиелеп, білім берген ұстаз бүгінде

сол өмірден көрген-түйген тәжірибесін, педагогтық шеберлігін жас ұстаздарға үйретуге тырысады. Ұзақ жылғы ұстаздық жолы туралы бірнеше кітабы шықты. «Қиын балалардың» да жүрегіне жол тауып, өмірде өз жолын табуға жәрдемдескен. Сол қиын балалар санатындағы тұлғалардың көбі жоғары оқу орнына түсіп, бүгінде парасатты азамат, жақсы маман болып қалыптасты, – деді мектеп басшысы.

Ардагер ұстаз өзінің өмір жолын, Алматы қаласындағы Абай атындағы республикалық мектеп-интернатында ұзақ жылдар бойы жас ұрпақ тәрбиелеген жылдарын еске алды.

– Бес жасыма дейін балалығым мұңсыз болды. Содан кейін, он тоғыз жыл бойғы өмірім өксімен өтті. Қуғын-сүргін жылдарының кесепаты, одан кейінгі отты жылдардың қасіреті. Киімге, тамаққа жарымай, тіпті екі-үш күн аш, сусыз жүрген кезім болды. Одан кейінгі өмірім соғыс жылдарына ұласты. Ол кезде бәрі қат, етік дегеніңіз қазіргідей көп емес, тапшы. Әсіресе, қар, жаңбыр жауған

да жұқа аяқкиімнің табанынан су өтіп, аяғым түнімен ауыратын еді.

Содан не керек, амалдап ағаштан табан жасап, аяқкиіміміздің табанына әлгіні байлап алатынбыз. Биіктеу платформа сияқты болып, суды онша өткізбейтін. Кейін әкем Ұзақбай Құлымбетов халық жауы атанып, анам түрмеге тоғытылды. Қарақалпақстан жеріне өткендегі көрген азап пен 50-жылдары қазақтың жерінде тың жерін игеру басталғанда болған жаппай аштықтың ауыр ақиқатын көзім көрді. Дегенмен, өмірімнің жарқын жағын да мейіріммен еске аламын. Ұстаздық жолыммен қоса, отбасылық өмірімде де ауыз толтырып айтарлық жетістікке жеттім, – деді ардагер ұстаз.

Атақты «№2 интернатта» ұстаздық еткен жылдары туралы әңгімелеген Орынша апай танымал тұлғалар Кеңес Дүйсекеев, қоғам қайраткерлері Әділ Шаяхметов, Мәулен Әшімбаев, Дархан Қыдырәлі, өнер иелері Тамара Асар, Бейбіт Қорған, Тоқтар Серіков, Қарақат Әбілдина, Нұрлан Албан және басқа да шәкірттерімен мақтанатынын жеткізді.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

РУХАНИ ТӘЛІМ – тәрбиенің қайнар көзі

Алматы қаласы әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия мен №163 мектеп ұжымы Халықаралық отбасы күніне орай, «Отбасы – қоғамның алтын діңгегі» бағдарында мазмұнды кеш ұйымдастырды.

Тәрбие мен тағылымды арқау еткен кездесуде отбасы ұғымының қазіргі қоғамдағы маңызы, ата-ана мен баланың рөлі, әке мен ананың міндеті кеңінен сөз болды. Аталмыш іс-шара ұстаздар мен ата-аналардың, оқушылар мен арнайы келген қонақтардың бас қосқан пікірталас алаңына айналды.

«Дөңгелек үстелді» ашқан мектеп директоры Индира Сатыбалдықызы отбасы – ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы екенін тілге тиек етті. Спикер атап өткендей, «Бала – отбасы мен мектептің ортақ жемісі. Сондықтан тәрбиенің бар жүгін тек анаға артып қоймай, әкенің рөлін де жандандыру керек. Бүгінгі таңда отбасының маңызы артпаса, кеміген жоқ. Өйткені, ұрпақ тәрбиесі – баршаға ортақ міндет».

Кездесуге қатысушылар алдымен отбасыға қатысты қазақы құндылықтардың ғасырлар бойғы сабақтастығына шолу жасады. «Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ»

тақырыбында ой қозғап, ананың мейірімі мен әкенің өнегесі туралы ой өрбітті. Жалпы, отбасы мәселесі бұл тек туыстық байланыс емес, рухани тәлім мен тәртіптің қайнар көзі екені әңгімеге арқау болды.

Қазақта «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген сөз бар. Өйткені, отбасындағы баланың жан-жақты дамуына әке мен ана тең дәрежеде жауапты. Бірі мейірім нұрын берсе, бірі тәртіпке үйретеді. Міне, «дөңгелек үстел» басына жиналған ата-аналар осы бағдарда өз ой-пікірлерімен бөлісті. Ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің рөлі туралы да қызу пікірсайыс өрбіді. Пікірталасқа шыққандар ұлттық киім, ата-әже тәрбиесі, асүй мәдениеті секілді күнделікті өмірге етене еніп кеткен дәстүрлердің бала тәрбиесіне оң әсер ететінін баса айтты.

Бұл күн ұрпақ пен ұлағаттың, ата-ана мен баланың арасындағы көпірді бекемдеудің нақты қадамы ретінде есте қалды. Отбасы күні аясында ұйымдастырылған «дөңгелек үстел» – жай ғана мерекелік жиын емес, шынайы сұхбат алаңы, тәрбиенің тағылым мектебі болды. Отбасы күніне арналған іс-шара соңында мектеп директоры Индира Сатыбалдықызы барлық қатысушы аналарға Алғыс хат табыстап, мектеп оқушылары арасында «Отбасылық дәстүр» тақырыбында өткен эссе, сурет, ән және жыр мүшәйрасы байқауының жеңімпаздарын марапаттады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлмира САУДАБАЕВА, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры:

Ата-ананың қоғамдағы рөлі аса маңызды

Қазақ халқында тектілік, қан тазалығы, жеті атасын білу сияқты ұғымдар ежелден бар. Бұлар – біздің ұлттық кодымыз. Алайда, кейде сол құндылықтарды білмей, үстірт түсініп, шаш ал десе, бас алатын жағдайлар кездесіп қалады. Мен іссапарда Үндістанда болдым. Менің қайран қалғаным – балаларына жарды әке-шешесі таңдайды екен. Ал ажырасу деген мүлдем жоқ.

Бізде керісінше, өзіміз таңдаймыз, бірақ жауапкершілік жетіспей жатады. Мұның себебі, көбіне жастар рухани, моральдық жағынан дайындықсыз үйленеді. Сосын, қиындыққа тап бола қалса, шыдамай, ажырасады. Ер-азаматты ана өмірге әкеліп, ана тәрбиелейді. Сондықтан ата-ананың, әсіресе, әйелдің қоғамдағы рөлі аса маңызды. Біз балаға қарапайым алғыс айту, жақсы сөз айту мәдениетін үйретуіміз керек. «Жаным, күнім, аяулым» деген оншақты сөз баланың болмысына қуат береді. Сол жылы сөзді естіп өскен ер бала, өскенде жауапкершілікті сезінетін азаматқа айналады.

СЕМИНАР

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ұлт қазынасы

Түркісіб ауданындағы №198 мектеп-гимназиясында ұлттық құндылықтарды ұлықтаған тағылымды семинар өтті. Әр халықтың ұлт болып қалыптасуында, болмысын сақтап қалуында, өзін өзгеден айшықтап тұратын бірегей сипатында – ұлттық құндылықтардың орны ерекше екені анық. Ол – ғасырлар сүзгісінен өткен дәстүр, тіл, дін, өнер, салт-сана, рухани және материалдық мұра. Халықтың жүрегінен орын алған мұндай асыл дүниелер – ұлттың қазынасы.

Осы орайда «Біртұтас тәрбие» «Адал азамат» ұлттық бағдарламасын іске асыру аясында аталмыш мектеп ұжымы «Отбасы – ұлттық құндылықтардың қайнар көзі» атты қалалық семинар ұйымдастырды. Осынау ұлттық сананы оятып, елжандылық пен рухани мұраны дәріптеу, отбасылық тәрбие құндылығын ұғындыру мақсатында өткен тағылымды іс-шара – мазмұны мен көркемдік өрнегі үйлескен, өнегесі мен өрісі кең, көпшілік көңілінен шыққан маңызды басқосуға айналды. Семинар шымылдығын мектеп оқушылары күмбірлеген күймен ашты.

Ұлттық салт-дәстүрлер қойылымдармен сахналанып, бастауыш пән бірлестігі мұғалімдері мен 2-сынып жетекшілері «Бесікке салу», 9-сынып жетекшілері «Тұсау кесу» дәстүрлерін, 7-сынып жетекшілері «Мүшел жас» ұғымының тәрбиелік мәнін ашып көрсетті. Жалпы, бұл қойылымдар – ұрпақ санасына ұлттық таным мен құндылықты сіңірудегі озық тәсілдер болды. Семинар жалғасы мектеп қабырғасында ұйымдастырылған мазмұнды көрмелер мен ұлттық эстафеталармен жалғасты. Технология пәнінің ұстаздары С.Нақыпова мен Ж.Сәрсенов дайындаған «Ұлттық көлөнер – асыл қазына» көрмесі, дене шынықтыру кафедрасы әзірлеген «Қазақтың ұлттық ойындары» сайысы көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Оқушылардың өнері мен ұстаздардың шебер ұйымдастырушылығы бір арнаға тоғысқан концерттік бағдарлама да көрерменге рухани ләззат сыйлады. Ұлттық өнердің шоқтығы биік түрі – айтыс пен шешендік өнер де назардан тыс қалмады. №198 мектеп-гимназияның ақын ұстаздары Қ.Қонақбаев пен А.Байсалов айтыс өнерінің жауһар үлгісін көрсетсе, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері мен оқушылар дайындаған «Тәуке хан мен бала Қазабектің даналығы» атты сахналық қойылым көрермендер көңілінен шықты. 5-сынып оқушылары бата түрлерін жатқа айтып, ізгі сөздің тәрбиелік мәнін көрсетті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әсемгүл СЛЯМБЕКҚЫЗЫ, №198 мектеп директоры:

АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫМЫЗ

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау – ел болашағы үшін аса маңызды. Жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу, ана тілімізді құрметтеу, дәстүрлерімізді дәріптеу – мәңгілік елдің кепілі. Жобамызға көрермендер жылы лебіздер айтып, семинардың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын ерекше атап өтті. Ұлттық құндылық – бұл ұрпаққа аманат. Халықтың рухани байлығы мен болмысын танытатын, өткен мен болашақты байланыстыратын алтын арқау. Оны ұлықтау – әрқайсымыздың азаматтық парызымыз.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ



«ЕРМЕНСАЙҒА» СУ КЕЛЕДІ

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасымен маусым айында Бостандық ауданына қарасты «Ерменсай» шағынауданында ауқымды инфрақұрылымдық жоба – «Ерменсай» су жинағышының құрылысы басталады. Бұл туралы қалалық Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы хабарлады.

Жаңа су жинағыштың өнімділігі тәулігіне 9 мың текше метрді құрайды. Жоба аясында тарату желілері де салынып, 2026 жылдың соңына дейін «Ерменсай» және «Нұрлытау» шағынаудандарында тұратын 25 мыңнан астам тұрғын орталықтандырылған, сапалы ауызсумен қамтамасыз етіледі. Осылайша аймақтағы көп жылдан бергі су тапшылығы мәселесі түбегейлі шешілмек.

Тарихи тұрғыдан бұл аумақ «Алматы Су» мемлекеттік кәсіпорнының қызмет көрсету аймағына енген. Мұндағы сумен жабдықтауды жеке компаниялар – «Водснаб» ЖШС (бұрынғы «Орхан»), «Ерменсайводгаз» ЖШС және «Баур ЛТД» ЖШС жүзеге асырып келген. Алайда, тұрғындар сапасыз қызмет пен жоғары тарифтерге байланысты жиі шағым түсіріп отырған.

Қазіргі таңда «Водснаб»-пен сот процесі жалғасып жатса да, әкімдік сот шешімдерін күтпей-ақ тұрғындарды үздіксіз сумен қамту үшін нақты және батыл қадамға барды.

Жобаның маңызды кезеңдерінің бірі – әл-Фараби даңғылынан Арайлы көшесіне дейін тартылған магистральды реверсивті су құбырының құрылысы. Бұл желі аяқталған соң, Бостандық ауданы әкімінің аппараты көше бойындағы үйлер мен жеке секторға орталықтандырылған су жүйесін жылдам қосуға мүмкіндік беретін тарату желілерін салады.

Алдағы уақытта бұл магистраль жобаланған су дайындау станциясымен біріктіріледі. Мұндай кешенді инженерлік шешім Бостандық ауданының оңтүстік бөлігін сенімді әрі тұрақты сумен қамтамасыз етіп, Алматының инфрақұрылымдық дамуына берік негіз қалайды.

Көктемнің соңғы, ең шуақты Кайында көздің жауын алатын алқызыл мак гүлдері даланы көмкеріп, қала тұрғындары мен қонақтарына қуаныш сыйлап жатқанына өзіңіз де куә болып жүрген шығарсыз... Әсіресе, Құлжа тас жолының бойымен жүргендер, айналаға көз салса, қызыл кілем төсеп тастағандай күй кешіп жүргені анық.

Мамырдың бұл көркем көрінісін қалт жібергісі келмейтін табиғатқа ғашық жандар алқызыл гүлдердің фонында суретке түсіп, осы бір сәттің ғажабын естелікке айналдырып-ақ жатыр.

Мак – нәзік те әсем гүл. Оның бүр жарып, құлпыруы үшін ауа температурасы шамамен +25...+30°С болып, ылғалдылық жеткілікті деңгейде болуы керек. Мұндай мінсіз ауа райы Алматыда дәл осы мамыр айына сәйкес келеді. Сондықтан дәл қазіргі уақыт – осы сұлулықты көрудің таптырмас сәті болып тұр.

Байқасаңыз, мактар күн батар шақта ерекше түрге енеді. Күннің алтын шапағы даланы қызғылт шұғыламен бояп, гүлдерді қызыл жалынға айналдырып жібергендей болады. Бұл сәт – фото әуесқойлары үшін таптырмас мезет.

Флорист мамандардың айтуынша, Алматы мен Алматы облысының далалық алқаптарында жиі кездесетін мак түрі – Ремерия (Roemeria) деп аталатын өсімдік. Біз жақта «павлиний мак» деп

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Алматыда Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Жасыл ел» және «Жас экопатруль» жастар еңбек жасақтарының жазғы маусымы басталды. Биыл «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында экологиялық бастамаларға 300-ден астам студент, түлектер мен еріктілер қосылды.



Нұржамал Әліш

Жазғы маусымда барлығы 2100-ден астам жас ресми түрде жұмысқа қабылданады. Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Алмаз Кеңесбай Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында атап өткендей, отрядтардың негізгі міндеті сенбіліктер мен ағаш отырғызуға қатысу ғана емес, сонымен қатар жастардың қоршаған табиғатқа деген жауапкершілігін күшейту. Көктемгі маусымда осы бағытта 15-тен астам экологиялық іс-шара өткізілген. Сондай-ақ, су қоймаларының жағалаулары, саябақтар тазартылды, қала шетінде де ағаштар отырғызылды.

Ал биылғы жазғы маусымда ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жұмыс істеуге назар аударылатын болады. Алғаш рет «Жасыл ел» Іле Алатауы ұлттық паркінде жүйелі қызметті бастайды. Эко-жауынгерлер танымал туристік маршруттарды – Медеу,

ЦИФРЛАНДЫРУ

МЕТРОДА ТӨЛЕМ ӘДІСІ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Алматы метрополитенінде турникеттер жаңартылып жатыр. Ақузге қарай барлық бекетте жолаушылар жолақыны банк картасы немесе смартфон арқылы тікелей төлем құрылғысына тигізу арқылы төлей алады. Apple Pay, Google Pay және Samsung Pay қызметтері де қолжетімді болады.

Бұған дейін мұндай төлем тек арнайы турникетте немесе касса арқылы ғана мүмкін еді. Енді бүкіл жүйе контактісз төлемге бейімделіп, жолаушылар ағынын жылдам әрі ыңғайлы етеді. Бұл көлік картасын қолданбайтындар мен жетон сатып алуға уақыт жоғалтқысы келмейтіндер үшін өте тиімді. Инфрақұрылымды жаңарту – қалалық қоғамдық көлік сапасын арттыруға және жолаушылардың, соның ішінде алматылықтар мен қала қонақтарының жайлылығын арттыруға бағытталған.

АЛҚЫЗЫЛ ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМ

Алматы мен оның төңірегі ерекше бір сұлулыққа оранды



аталатын ерекше түрі де көп таралған деседі.

Айта кетерлік жәйт, мактың бұл түрі есірткілік өсімдіктерге жатпайды. Дегенмен, мамандар олардың гүлін не сабағын татып көруге кеңес бермейді, себебі өсімдіктің шырынында улы алкалоидтар бар көрінеді.

Тағы бір ескеретін нәрсе, табиғаттың бұл ғажап туындысын жұлып әкетуге асықпай, сол сәттің өзінде, өз орнында тамашалаған абзал. Себебі, бұл гүлдер өте нәзік – тіпті жеңіл желдің өзі олар-

дың күлтесін үзіп әкетуі мүмкін. Сондықтан да мамандар мактарды тек суретке түсіріп, табиғатқа құрметпен қарауға шақырады.

Қысқа ғұмырлы бұл көрініс – табиғаттың бізге сыйлаған үнсіз поэзиясы. Себебі, көз алдында жайқалған алқызыл алқапты көргенде, жүрегің де сол гүлдермен бірге дүрсілдейтіндей күй кешетіні анық...

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСАҒЫ:

Алматыда 2100-ден астам жас жұмысқа орналасады



Көкжайлау, Үлкен Алматы көлі және басқа да орындарды таза-лаумен айналысады. Сонымен қатар, балалар туристер үшін ақпараттық тақтайшалар орнатып, жадынамалар таратып, таулардағы жауапкершілікті еске салады. Жобаға 16–35 жас аралығын-

дағы кез келген адам «Жастар рухы Алматы» ЖК, ЖОО және студенттік эко-клубтар арқылы қосыла алады. Қатысушыларға жалақы төленеді және бұл тәжірибе болашақтағы мансап жолына апарар қадам болуы да ғажап емес.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрлыбек АҚТІЛЕК,
«Жас экопатрульге» қатысушы студент:

Табиғатқа жанашырмын

«Жасыл ел» сапына биыл екінші жыл қосылғанымға қуаныштымын. Мен үшін бұл жәй ғана жазғы жұмыс емес, табиғат пен туған жерге деген шынайы қамқорлығымның белгісі. Қалада тазалық орнап, қоршаған ортаға деген құрмет мәдениетінің қалыптасқанын қалаймын. Әрбір отырғызылған ағаш, жиналған қоқыс – болашаққа жасалған маңызды қадам. Барлық замандасымды бізге қосылуға және қаламызды бірге таза әрі жасыл етуге шақырамын.

ЭКОБАЙҚАУ



ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ!

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы аясында қаламыздағы Оқушылар сарайының экологиялық-биологиялық бөлімі бірнеше игілікті іс-шара өткізуді қолға алып отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жақында «Табиғатты аяла» атты жас өлкетанушылардың, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің қалалық форумы жоғары деңгейде өтті.

Іс-шара барысында қатысушылар «Жасыл клуб», «Жасыл сахна», «Экоблогер», «Үздік Эко-дизайн» аталымдары бойынша тың жобалар ұсынды.

«Таза Қазақстан» науқаны жас жеткеншектір үшін экологиялық тәрбие мектебіне айналып отыр. Осындайда «Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген халық даналығы еске түседі. Форум қорытындысында жеңімпаздарға лайықты дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс-талды. Сонымен қатар, олардың жетекшілері де Алғыс хатқа ие болды.



ШАХМАТ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

SENAT OPEN ТУРНИРИ

Әр ойын – логика мен сабырдың сынағы

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Турнир 9 турдан тұратын швейцар жүйесімен өткізілді (10 минут + 5 секунд). Нәтижесінде Бухгольц коэффициенті бойынша: 7+ ұпаймен мәреге жеткендер:

Бірінші орын – Арсилан Алахунов;
Екінші орын – Серікбай Кабираев;
Үшінші орын – Марат Мурзин.

Сонымен қатар, алты аталым бойынша үздіктер марапатталды:

– Ардагерлер арасында – Арсилан Алахунов;
– Әйелдер арасында – Жанар Шопанова;
– Депутаттар мен аппарат қызметкерлері арасында – Еркін Рақышев;
– Мемлекеттік қызметшілер арасында – Дәурен Исаев;
– Қоғамдық кеңес мүшелері арасында – Әлембек Жұмабеков;
– БАҚ өкілдері арасында – Бекарыс Жандәулет.

Ең үздік ойыншылар биылғы тамызда Талдықорғанда өтетін «Шығыс» аймақтық жартылай финалында өнер көрсетеді. Қазір бұл турнирге еліміздің барлық өңірінде іріктеу кезеңі өтіп жатыр. Финал Астанада өтеді.

– *Senat Open* – түрлі сала мамандары үшін диалог пен тәжірибе алмасудың тиімді алаңы. Бұл ойын – жасқа да, мамандыққа да қарамайды. Қоғамдағы сенім мен сыйластықты қалыптастыруда зияткерлік жарыстардың орны ерекше. Қазақ халқының дүниетанымында «Білімді мыңды жығады» дейді. Расында, ойлау қабілетін дамытып, біліктілікті арттыру үшін аса қажетті ойын деп білеміз, – деді Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы Мейіржан ОТЫНШИЕВ.



Тимур ТУРЛОВ,
Қазақстан Шахмат
Федерациясының
президенті, бизнесмен:

Кіл мықтының ойыны

Қазақстан шахмат федерациясы турнирді дәстүрлі түрде өткізіп келеді. Бұл жолы да дәстүрден жаңылған жоқпыз.

Шахмат үлкен ақыл-ойды қажет етеді. Бұл – ойы ұшқыр, қиялы терең, тактикасы мықты, ойлау-қабілеті өте жақсы жандардың ойыны. Мұны жәй ойнау бар. Ал шахмат тақтасынан шатаспай жүріп ұту оңай шаруа емес-ті. Шахмат ғаламға танылған ойын. Зерделі ойлы адамдар ойнайды. Сондықтан дөп басып, нәтижеге қарай жүру асқан шеберлікті қажет етеді. Сол себепті, адам епті, ойы ұшқыр болуы үшін бұл ойын өте пайдалы.

СПОРТ

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

Медее ауданындағы №115 бөбекжай-балабақшада «АМАНАТ» партиясының «Бақытты отбасы» жобасы аясында «Толғағай» атты отбасылық спорттық жарыс өтті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Іс-шараның басты мақсаты – отбасы құндылығын дәріптеу және салауатты өмір салтын мектепке дейінгі жастағы балалардың бойына сіңіру. Жарысқа №110, №114, №115 және №125 бөбекжай-балабақшаларының тәрбиеленушілері мен олардың ата-аналары белсене қатысты. Іс-шара барысында қатысушылар түрлі спорттық эстафеталар мен ойындар арқылы ұйымшылдықты, белсенділікті және отбасы мүшелері арасындағы өзара бірлікті көрсетті.

Іс-шараға партияның Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Қуаныш Төлепов, қалалық мәслихат депутаты Елена Те, Олимпиада чемпионы, партия мүшесі Ермахан Ибраимов және басқа да қоғам белсенділері арнайы қатысты.

Жарыс нәтижесі бойынша жүлделі орындарды – №110, №114, №115, №125 бөбекжай-балабақшалары иеленді.

Отбасы – қоғам өзегі. Мұндай іс-шаралар жас ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беріп қана қоймай, оларды физикалық және рухани тұрғыда шыңдауға ықпал етеді.

«ТОЛАҒАЙ»

отбасы құндылығын дәріптейді



(Сурет: К. Бекенова)

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Альфия ЕСТЕНОВА,
№115 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

Жеке тұлға болып қалыптасу негізі

Бұл іс-шара – шетелдік тағылымдамалар барысында жинақталған озық тәжірибені мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесіне енгізудің алғашқы қадамдарының бірі. Малайзия, Қытай, Польша және Германия мемлекеттерінде көрген тиімді тәсілдер – балалардың күнделікті өмірін белсенді әрі саналы етудің жолы. Әсіресе, ұлттық спорт түрлері, өзін-өзі күту дағдылары, ашық алаңдағы ойындар, өзін-өзі күту дағдылары мен психологиялық қолдау бағыттары біздің жүйеге де оң ықпал ететініне сенімдімін. Мектепке дейінгі жас, ол – денсаулықтың, жеке тұлға болып қалыптасудың негізі қаланатын маңызды кезең.

Алматыда шахматтан Senat Open екінші ашық кубогы аясында ірі турнир өтті. Бұл зияткерлік додаға түрлі салада еңбек етіп жүрген мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік қызметшілер, ардагерлер, БАҚ өкілдері және тағы басқалар қатысты. Іс-шараның басты мақсаты – елімізде шахмат мәдениетін насихаттау, спорт арқылы бірігу мен өзара құрметті дамыту. Жарыс ерекше тартысты өтті. Өйткені, әр ойын – логика мен сабырдың сынағы.

Суретті түсірген Қ. ҚОНЫСБАЕВ.

КҮМІСТЕН АЛҚА ТАҚТЫ

Павлодар қаласында дзюдодан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Батырбек Сейсенбаевты еске алуға арналған XXVI ашық республикалық турнир өтті.

Нұржамал
ӘЛІШ

Ерлер арасындағы жарыста ҚР ІІМ Ұлттық ұланының Алматыда орналасқан 5571 әскери бөлімінің жедел мақсаттағы батальонының атқышы, қатардағы жауынгер Әділет Ахметғали да лайықты өнер көрсетіп, күмістен алқа тақты.

Дайындықтың жоғары деңгейін, жауынгерлік рух пен жеңіске деген ерік-жігерін көрсете отырып, әскери спортшы турнир кезеңдерінен сенімді өтті. Тартысты күресте табандылық танытып, жүлделі екінші орынды иеленді.

– Мен осы деңгейдегі жарыстарға қатысуға және жаттығуға мүмкіндік бергені үшін қолбасшылыққа шын жүректен ризамын. Олардың қолдауы мен сенімі жеңіске жетуіме үлкен серпін болды. Болашақ турнирлерде намысты қолдан бермеу үшін барымды саламын, – дейді жауынгер Әділет.

Қатардағы Ахметғалидің жетістігі басқа да әскери қызметшілердің жан-жақты дамуына, дене шынықтыру мен жауынгерлік рухты нығайтуға деген ұмтылысын арттыратыны сөзсіз. Оның жеңісі – әскери бөлім үшін ғана емес, Ұлттық ұлан үшін үлкен мақтаныш.



ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ

ЫҚШАМ ПРОЗА ІСМЕРІ

Жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының әңгімелері хақында

Көркем проза өз оқырманының Крухани сырласына айнала алса, онда авторының өнер мұратына жеткені. Өйткені, оқырман – шығармашылық процестегі маңызды тұлға. Оқырманы сырласына айналған, асқақ бітімді шығарма жазу, өкінішке қарай, екінің бірінің маңдайына жазыла бермейді. Классикалық шығармалардың ескірмейтіні де содан ғой, олардың мазмұнында оқырманның жан-дүниесіне бойлай алатын тереңдік бар. Ал классика дегеніміз – биік шеберлік деңгейде жазылған, уақыт тезінен өткен өнер туындысының ерекше сапасы. Сондай сапаны көздеген қаламгер ғана тәуір дүние жаза алмақ.



Қазақтың классикалық шығармаларынан нәр алған, дәстүрлі прозаның сара жолымен жақсы шығармалар жазып келе жатқан жазушының бірі – Нағашыбек Қапалбекұлы. Қаламгер соңғы он-он бес жылдың мұғдарында прозаны өндірте жазып жүр. Қаламы суымағаны, шығармашылық қуатының мол екені байқалады. Осыдан қырық бес жыл бұрын, 1980 жылы «Жалын» баспасынан «Еңлікгүл» атты тұңғыш әңгімелер жинағы жарық көріп, содан бері жиырмаға жуық прозалық жинағы шығыпты. Алғашқы әңгімелер жинағымен оқырманның жүрегіне жол салған, дарынды жазушы өз туындыларының бәрінде дерлік қарапайым адам өмірін, әсіресе, Мұқағали айтпақшы, сүрініп кетіп, бүлініп кеткен тағдырды арқау етеді.

Нағашыбек Қапалбекұлының шығармаларының басты ерекшелігі де – сол өмірдің өзіндей қарапайымдылығы мен шынайылығында. Туындыларынан, қай-қайсысынан болсын, адам тағдыры бой көрсетеді.

Біз бұл мақалада автордың тек әңгіме жанрындағы туындыларына, оның өзінде соңғы жет-сегіз жылда жазған, жаңа әңгімелеріне үңілуді жөн санадық. Рас, жазушы соңғы жылдары «Сакура гүлдегенде», «Көз», «Күн бетінде секпіл бар», «Жер жүрегі» атты бірнеше хикаят жазды. Әсіресе, қазақтың бозбала жігіті мен жапон бойжеткенінің арасындағы махаббатты суреттеген «Сакура гүлдегенде» атты лирикалық хикаяттың әдебиет сыншылары да, қалың оқырман да жылы қабылдады.

Ал енді «Беторамал», «Қарашаңырақ», «27 жылқы және сұлу келіншек», «Миллионер», «Шер», «Томар», «Көші-қондағы оқиға», «Сүлде», «Соғымбасы», «Сарқытбайдың кітабы», «Ғаламдағы адам», «Елес», «Махаббат деген немене», «Еңку-еңку ескі жол», «Қара жердің құшыры», «Көлеңке» деген көптеген әңгімесінде (бұлардың басым көпшілігі 2023 жылы шыққан «Миллионер» атты хикаяттар мен әңгімелер жинағында бар) әркімді драмалық форманың кездесетіні, ал кейіпкердің бір-біріне ұқсамауы, түрлі тартыста төбе көрсетіп жатуы – автордың өмір мектебінен өткен, тәжірибелі қаламгер ғана емес, шебер суреткер деңгейінде көрінуі екенін атап айту керек.

Жазушы жаңа шығарма жазған сайын ешкім күтпеген, ащы шындықтың бетпердесін жұлып тастай алады. Біресе Екінші

дүниежүзілік соғыста әуелі Гитлер, кейін Сталин лагерінде отырып келген Дәуіт Исаевтың тұңғыш баласы Фатиманы бір көруге зар болып, өксіп өткен өмірі арқылы («Шер»), біресе үш баласымен әйелін тастап, басқа әйелдермен әуейі болып кеткен, сөйтіп «дәуренді» сүріп, қартайып, ешкімге керек болмай далада қалғанда қыздары тауып алып, аузына су тамызған профессор Хамит Бектасовтың тағдыры арқылы («Беторамал») дүниені пайымдауынан шынайы өмірді сезінеміз. Әңгіме кейіпкерлері – қарапайым малшы, қатардағы базаршы, ата тегін ұмытқан мәңгүрт қана емес, наркоман мен түрме жендеті де болуы мүмкін.

Нағашыбек Қапалбекұлы өзінің осы әңгімелерінде балалық пен жастық шақтың терең эмоционалды әсерлерін барынша дамыта алған. Өзінің көркемдік әлемінің динамикасында адам тағдырын проблема етіп алдыға шығарады, осылайша XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік, рухани дертті, қоғам дамуының бетбұрыс кезеңіндегі адам өмірінің трагикомизмін анықтауға тырысады.

Қаламгердің шығармадан шығармаға өткен сайын жаңа тақырыпқа ұмтылатыны байқалады, бір тақырыпты ғана талғажау етіп отырып алатын кейбір қаламгердің қатарына әсте жатпайды. Әңгімелеріндегі басты идея – адам тағдырына, кісі баласының кемшілігіне кешіріммен қарау. Өмірді терең білетін жазушы адам өміріне қатысты тақырыптың ешқайсысынан қашпайды. Қасымызда жүрген кісінің бүркеулі тағдырын жазушының әңгімелерінің арқасында қайта танығанымызда, апыр-ау осы ойды мен де ойлап едім ғой, осы сезімді мен де бастан кешіп едім ғой, бірақ қалай терең сезіне қоймағанмын деп аңырып қалуыңыз да мүмкін.

Н.Қапалбекұлы әңгімелерінің сыртқы қарапайымдылығының арғы жағында, мазмұнды мәтіннің астарында терең мағына жасырылған: кісі баласына деген жанашырлыққа, адамгершілікке, сүйіспеншілікке негізделген асқақ ой мен эстетикалық сезім аңдалып тұрады.

Мәселен, «Томар» әңгімесі Марфа кемпірдің шалы екеуі барын аузынан жырып оқытқан екі ұлы ержетіп, үйлі-баранды болғанда әке-шешесіне қарамай кеткені, Марфа кемпірдің шалы өліп, қартайғанда далада қалғаны, қыстыкүнгі аязда тау ішіндегі үйін жылытуға отын таба

алмай қиналғаны, оны көрген жазушы азаматтың орыстың өлмелі кемпіріне көмек қолын созғаны суреттеледі. Көмек қолын созған жігіттің ойына сонау жасөспірім шағындағы қасіретті жылдары түседі. Жас кезіндегі ауыр тұрмысы, әскерде жүргенінде аяулы анасының, тете қарындасы Әсемгүлдің қайтыс болғаны жүрегін қарс айырып, теңселтіп кетеді. Бір қайғы мың қайғыны қозғайды деп, Марфа кемпірдің басындағы ауыр тақырет мұның да жас кезіндегі тағдыр соққысын есіне түсіргені сонша, инфаркт алып қалады. Бұл әңгіме «Беторамал» шығармасымен тақырыптас, бірақ «Томар» әңгімесінде Марфа кемпірге, шалы екеуіне балалары қарамай кетсе, «Беторамалда» Хамит Бектасов керісінше балаларын тастап кетеді.

«Миллионер» әңгімесінде ақша үшін достарын сатып, өлімге қиған, адамдықтан безген жандардың тіршілігі, соның салдарынан қазақ даласында мал бағып кеткен Миша-Степанның өмірінің бір сәтін көріп қаламыз. Әңгімеден қоршаған кеңістікті құрметтейтін, өмірді жақсы көретін адамдарды аңдаймыз.

«Еңку-еңку ескі жол» деген, юморға толы әңгімеде Елубай деген жігіттің үйленуі, қыз алып қашу хикаясы айтылады. Эстетикалық және этикалық көзқарастардың ішкі болмысында жер жәннаты Жетісу табиғатының, қазақы ауыл өмірі мен тұрмыс салтының иісі бар.

«Қара жердің құшыры» әңгімесінде жетім кезінде пана болған ағайын-туысын қайын жұртының арқасында биік мансапқа қолы жеткенде ұмытып кеткен Ахмет деген жігіттің өмірі әңгіме болады. Ақыр соңында автоапаратынан қаза тапқан Ахметті сол туыстары жерлеп, соңғы сапарға сол туыстары шығарып салады.

«Көлеңке» деген әңгімеде бірінші жақтан баяндап отырған журналист жігіт генерал Мақсат Досовпен бірге түрмеге барып, түрмеде қылмыскердің жанын алатын сержант жендетті көргені, әлгі жендеттің қылмыскерді атып өлтіргені, сол жендетті көп жылдан кейін жаназада Құран оқыған молда кейпінде кездестіргені жазылады. Әңгімеден тегеурінді ой, терең психологизм аңғарылады.

«Махаббат деген немене» әңгімесіне жастық шақтың сезімі, жас жазушы жігіт пен бойжеткен қыздың арасындағы махаббаты арқау болса, «Елес» әңгімесінде Миятхан деген суретшінің отбасы бола

тұра, қыз-қырқынмен қыдырып, соңында отбасынан да, бар жиған-тергенін де айырылып, бомж болып, шынтағын тістеп қалған, қадірсіз өмірі суреттеледі.

«Сарқытбайдың кітабы» шығармасында Аспанқора тауында қыстап отырған қойшы үйіне келген, өзі аңшы, өзі жыршы Сарқытбай деген мұғалімнің түні бойы «Қобыланды батыр» жырын айтқаны әңгіме болады. Оның жыршылық өнері оқиғаны бірінші жақтан баяндап отырған жеті жасар кейіпкердің жан-дүниесіне айрықша әсер қалдырады.

«Сүлде» атты әңгімеде қазіргі замандағы көкейкесті мәселенің бірі – наркоман проблемасы көтерілген. Мәскеулік Владимир есірткіге үйреткен қазақ жігітінің аянышты өмірі шығармаға арқау болып, есірткінің адам өмірін аз ғана уақытта қалай тас-талқан ететіні нанымды баяндалады.

«Ғаламдағы адам» атты әңгімесінде Айдан руда әкелген Джо деген ғарышкердің атақ-даңқы жайылып, енді Розенберг деген миллиардердің қаржысымен Марсты зерттемек болып отырғаны, бірақ әйелі Лияның Айдан әкелінген руданың бес келісін Фишер деген миллионерге сатқаны, ақыр соңында осы қылмыс үшін Джоның да тұтқындалғаны сөз болады, әңгіменің идеясы – жерді тоздырған адамзаттың ашкөздігін ғылым да қойдыра алмай отырғанын жеткізу.

«Шер» әңгімесінде, жоғарыда айтып кеттік, Дәуіт Исаевтың және онымен қатар неміс тұтқынында болған қазақ жігіттерінің Екінші дүниежүзілік соғыста әуелі Сталин лагерінде өткен өмірі, одан босап шығып елге келгенде «сатқындар» деп ғұмыр бойы теперіш көруі суреттелсе, «Беторамал» шығармасында заманында ректор, министр болған профессор Хамит Бектасовтың жас кезіндегі өмірі, отбасын тастап, әйелден әйел алып, мастанып тіршілік етуі, балаларының тірі жетім болып әкесіз өсуі, ең соңында өзінен отыз жас кіші орыс әйелі қуып жіберіп, далада қалғаны, өмірінің соңында ешкімге керек болмай, қор болып өлгені әңгіме болады.

Осы шығармаларында, қай-қайсысында болсын, суреткер Н.Қапалбекұлы адам баласы арасындағы түсініспеушіліктің себебі неде жатыр деген сауалға жауап іздеп, психологиялық тартыс арқылы адам жанының тереңіне үңілуге тырысады. Кейіпкердің ішкі жан-дүниесіне тереңдеймін деп құрғақ баяндауға, фабулаға қажеті шамалы, қисынсыз, ұзын-сонар оқиғаға бой алдырмайтынын, әр детальды орнымен қолданатын, сөйтіп, шынымен ықшам прозаның ісмері екенін аңдауға болады.

Әңгіме жанрында көркем прагматиканың білгірі ретінде көрінген жазушы өмір шынайылығы мен ұлттық мәдени код шындықтары арасында үлкен айырма барын аңдатады. Әңгімелері өзінің көркемдік ерекшелігін, қуат күшін, этикалық және эстетикалық әлеуетін байқатып отырады.

«Табиғатынан прозашы» деп баға беріпті құрдасы, жазушы Нұрдәулет Ақыш. Расында да, Нағашыбек Қапалбекұлының прозасы қазір мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жүрген шығармалардың қай-қайсысынан кем емес.

Жазушылығынан бөлек Нағашыбек ағамыздың үлкен зерттеуші ғалым екенін де ұмытпауымыз керек, басқаны айтпағанда, соңғы жылдар бедерінде жамбылтануға қатысты қырық томды, Сүйінбай шығармашылығына қатысты он томды жарыққа шығаруы – екінің бірінің қолынан келмейтін дүние.

Жетпіс бес жастың асуына шыққан жазушының әлі де оқырманға берері көп екені даусыз. Ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын, аға, жазарыңыз көп болсын!

Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ,
жазушы.



КЕЗДЕСУ

Ерлан ЖҮНИС, ақын:

ДАНАЛЫҚ ТӘМСІЛДЕРІ

кітапханада жеміс-жидек секілді самсап тұр...

Алматыдағы А.П.Чехов атындағы қалалық Орталық кітапханада белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ерлан Жүніспен кездесу кеші өтті. Қаладағы №147 гимназияның 6 «а» сыныбының оқушылары ақынға сауалдарын қойды. Сұрақтарға берілген жауаптар қаламгердің болмысын, бейнесін аша түскендей...



Нұржамал
ӘЛІШ

Кітапхана мейманының әсіресе кітап, кітапхана, Тәуелсіздік, патриоттық рух, өмір, адами қарым-қатынас, шығармашылық шабыт, жастық жалын туралы тарқатқан ой-пікірі жеткіншектерді баурап алды десек болады. Ақын қонаққаде ретінде өлеңдерін де оқып берді. Әдеби-рухани кешке Ерлан Жүністің шашбауын көтере келген талдықорғандық досы, сазгер, әнші, «Тигрохауд» этно-рок тобының негізін қалаушы Нұржан Ахметбеков ақын туралы лебізін білдіріп, оның өлеңдеріне жазылған әндерді орындап, танымдық жүздесудің бойына қан жүгіртіп, жылы атмосфераға бөледі. Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінің «Шеңбер лабораториясының» студенттері де Ерлан Жүністің лирикалық шығармаларын оқып, жүректерді тербеді.

ОЙ мен СЕЗІМ

Оспан ҚЫЗАЙБАЙ, оқушы:

– Өлең жазар кезде алдымен ой туа ма, әлде сезім әсер ете ме? – Өте жақсы сұрақ. Рас, кейде ішінде алай-дүлей бір сезім туады. Ол бір мұң, не болмаса әлдебір өкініш, сағыныш болуы мүмкін. Сол сезім адамды өлең жазуға, шығармашылықпен айналысуға, сурет салуға, ән шығаруға жетелеп әкеледі. Ал кейде қоғамдағы, өмірдегі, табиғаттағы, өзінді қоршаған ортадағы кез келген құбылысқа қатысты белгілі бір ой туындауы мүмкін. Сол ойдың нәтижесінде де шумақтар төгіледі. Екеуі алмасып отырады. Ал егер ой мен сезім қатар ұштасса, онда одан туатын шығарманың шедеврге, классикалық туындыға айналары сөзсіз.

КӨК ТУ

Нұрбол ТӘЖІБАЕВ, оқушы:

– Поэзияға қалай келдіңіз? Алғашқы өлеңіңізді қай жасыңызда жаздыңыз? – Бес жасымда өлең жаза бастаппын. Әрине, ол кезде қалам ұстауды білмеймін, анам мұғалім еді, сол кісі ауызша айтып жүрген өлеңдерімді қағазға түсіре беріпті. Сұр түсті сол блокнот әлі күнге сақтаулы үйде. Алтыншы сыныпта мұғалім әдебиет пәнінен шығарма жазыңдар деп, мен оны өлеңмен жазғаным бар. Солай поэзия әлеміне келдім. Жетінші сынып оқып жүргенімде жергілікті газетке бір бет болып өлеңдерім жарыққа шықты. Оныншы сыныпта «Жыр-перзент» деп аталатын алғашқы жыр-жинағым жарық көрді. Ал қазір өздерің мектеп бағдарламасында, әдебиет оқулығында «Менің атым Тәуелсіздік» сынды басқа да өлеңдерімді оқып жүрсіңдер. «Менің атым Тәуелсіздік» өлеңімді оныншы сыныпта оқып жүргенде жазғам. Онда менің мектепке алғаш барған сәтім суреттеледі. Мен мектеп табалдырығын аттағанда ғимарат төбесінде қызыл ту ілініп тұратын. Сол тұста біз Кеңес Одағының құрамында болғанбыз. Ол кезде қазақпын деп айту, ұлтыңмен мақтанудың өзі оғаш көрінетін заман еді. Кейін егемендік алып, орнында өзіміздің Көк Туымыз желбірей бастады. Өзіміздің Әнұранымыз шықты. Елтаңбамыз таңбаланды. Сол оқиғалардан қатты әсер алып жазған өлеңім еді. Балалар, бір кездері біздің ата-бабаларымыз, Алаш қайраткерлері, тіпті бертіндегі Желтоқсан оқиғасына қатысқан ағаларың да тәуелсіздік үшін күресті. Сол үшін қаншама жас қудаланды, оқудан шықты! Тәуелсіздікке жету бар да, оны ұстап тұру бар. Ал көздің қарашығындай сақтап, қастерлеп, күнделікті құрметтеп жүру – осы отырған бәріміздің міндетіміз. Күнделікті құрметтеудің ішіне патриоттық сезіміміз, салт-дәстүрінді, ата-ананды, досыңды қадірлеу сынды құндылықтар да кіреді.

«ҒАСЫРЛАР ТӘЖІ»

Нұрқадыр АМАН, оқушы:

– Сізге қай тақырып жақын?

– Мен негізі лирик ақынмын. Мені көбіне гуманистік идеялар, ойлар, мейірім, ізгілік, махаббат секілді сезімдер толғандырады. Дегенмен, бала күнімнен тарих тақырыбына қатты қызығушы едім. Қазір көбіне тарихи шығармалар жазып жүрмін. Мысалы, қазақ хандығының тағдырлы кезеңі туралы толғайтын «Нараду» деген дастаным бар. Осыдан екі мың жыл бұрын Рим әскерінің Талас өзенінің бойына келіп, Тараз деген қаланы салғаны туралы баяндайтын «Ғасырлар тәжі» деген дастан жаздым. Тарих пәнінен оқып жатқан болсаңдар, Рим әскерінің Марк Красс деген қолбасшысы болған. Сол парфиялықтарға елу мың әскерімен келіп соғыс ашып, парфиялықтардың он мың әскерінен тас-талқан болып жеңіліп, әскері тұтқынға түседі. Сол тұтқындағы Рим әскерінің екі жүз-үш жүзін түріктің Шөже қағаны сатып алады да,

біздің қазіргі Жамбыл облысындағы Талас өзенінің жағасына әкеліп, қала салғызады. Яғни Тараздың іргетасы солай қаланады. «Мық кітабы» деген дастаным да тарихтан сыр шертеді. Мысалы, біз өзімізді көшпелі халықтың ұрпағымыз дейміз. Шын мәнінде біз әуелі отырықшы халық болдық. Біз қала салған, өркениет тудырған халық болдық. Мысалы, қазір ғана осыдан екі мың жыл бұрын бой көтерген Таразды айттым. Одан бұрынғы, төрт мың-бес мың жыл бұрынғы қалалардың да орны табылған. Қазір біздің Сарыарқада бар. Ақкетік қаласы, Ақкезен қонысы дейміз. Сол жерлерде сақтардан бұрын мың деген халық өмір сүрген. Біздің ата-бабамыз қара мықтар, сары мықтар болып бөлінген. Сол үлкен қалалардың орнына Әлкей Марғұлан, Карл Байпақов сынды археолог аталарың үлкен зерттеулер жүргізіп, осыдан бес мың жыл бұрын да біздің халық өркениет төрінде өмір сүргенін анықтады. «Мық кітабым» да тарихқа қосылған үлес деп ойлаймын.

ЖҮРЕК СӨЗІ

Нұрболсын СЕРІКЖАН, оқушы:

– Шабытты қайдан аласыз? Әлде, кез келген уақытта отыра қалып жаза бересіз бе?

– «Геометрияға да шабыт керек» дейтін сөз бар. Білім алуға да, оқуға да, өзінді дамытуға, жетілдіруге де шабыт керек. Адамды бір нәрсе қанағаттандыруы, ынталандыруы керек. Мысалы, ол ақындардың өмірінде шығармашылық болып туады. Егер көңілің құлазыса немесе асып-тасып қуансаң, сол өлең болып шығады. Шабыт деген – адам бойынан бас көтеретін ғаламат бір күшті энергия. Сол кезде оны бір бала спортқа, енді бірі білімге, үшіншісі жәй ғана ойнауға немесе үй жұмысына жұмсайды. Ал ақындар өлең жазуға жұмсайды. Шабыт деген балалық шақта, жас күнде өте көп келеді адамға. Ал уақыт өте келе ол азая бастайды. Есейе келе адам көбірек ақылды, ұстамды бола түседі. Дүниеге ақыл көзімен қара

рай бастайды. Мысалы, бұрын алғашқы жауған аппақ қарға, көктемнің алғашқы жаңбырына жүрек көзімен қарап қуанатын болсаң, кейін есейген кезде «мына жаңбыр тағы жауды ма бүгін» дегендей салқынқанды, ұстамды көзбен қарайсың. Яғни адам өзгере бастайды. Сол кезде шабыт та азаяды. Сондықтан ол кезде «бір пайыз шабыт, тоқсан тоғыз пайыз еңбек» деген тұжырымға тоқтайды. Рас, кейде шабытсыз да өлең жазасың, шабытсыз да сабақ оқисың, шабытсыз да бір нәрсе сені жасайсың. Бірақ сол өзің ойлағандай керемет болып шықпайды. Өйткені, осы шабытсыз жасалған. Мысалы, қазір жасанды интеллект те, яғни ChatGPT сұрасаң сурет салып, өлең де, эссе де жазып береді. Керемет, риза боларсың. Бірақ жасанды интеллект жазып берген дүниеде не жоқ, білесіңдер ме, балалар? Жүрек жоқ, сезім жоқ. Иә, ChatGPT ұсынған мәтін сені таңқалдыруы мүмкін. Бірақ ол сені де, көпті де толқытпайды, жүрегіңді қозғап елжіретпейді. Сондықтан табиғи дүниеге ештеңе жетпейді.

БІЗ ІЗДЕГЕН ЕҢ ҒАЖАЙЫП СИҚЫРЛЫ БАҚ

Әсел БЕЙБІТБАЙ, оқушы:

– Ерлан аға, кітаппен, кітапханамен қаншалықты доссыз?

– Өте жақсы сұрақ. Мен үйдегі кітаптарды, ауылдағы кітапхана кітаптарын тауысып оқығанмын. Бала күнгі ең жақын досым көркем шығармалар болды. Мысалы, сендер ертегі оқып отырғанда көз алдыңа өзгеше бір бақ келуі мүмкін. Ол бақтың ішінде сылдырлап бұлақ ағып жатады. Алуан түрлі жеміс-жидегі бар. Алуан түрлі, алуан түсті құстар ән салып тұрғандай. Адам баласының іздеген

бақыты, арманы, жақсылығы, жылуы, махаббаты сол бақтың ішінде болады екен деп ойлаймыз, мысалы. Сол сиқырлы бақ ертегіде ғана емес, ол біздің өмірімізде де бар. Мысалы, сол бақты осы кітапхана ішінде бар дер едім. Кітапхана – сол біз іздеген, біз ойлайтын ең ғажайып сиқырлы бақ. Өйткені, дүниенің бүкіл ғұлама, ойшыл, ақын-жазушының осы дүниені кешіп, көріп, сезіп, біліп жазған ой-толғамы, көркем шығармалары, даналық тәмсілдері, барлығы осы кітапханада жеміс-жидек секілді самсап тұр. Сендердің кітапханаға келгендеріңе және кітапханамен, кітаппен дос болғандарыңа шын жүрегіммен қуанып отырмын.



ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ:

«Ң» ДЫБЫСЫ

Ана тілімізден жойылып кетпей ме?

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген ертегіні бүгінгі жас ұрпақ біле қоймас. Алайда, бұл туынды қазақтың ұлттық мұрасына қанық боп өскен біраз жанға жақсы таныс болары сөзсіз. Біз бұл ертегіні қазақ анимациясының атасы – Әмен Қайдаровтың мультипликациялық нұсқасынан көріп өстік. Бұл ертегіні жайдан-жай еске алып отырғаным жоқ. Қазір «ң» дыбысының мүшкіл халіне қарасам, ертегідегі шырылдаған қарлығаштың шарасыз күйі еріксіз еске

түседі. Қарлығаш ертегіде құйрығынан айырылса, төл дыбысымыз – «ң» бүгінгі күні мүлде жойылып кете ме деген ой маза бермейді.

Әліпбиімізде ойып тұрып орын алса да, қолданыста жетімнің күйін кешіп келе жатқан төл әрпіміз – «ң» дыбысының бүгінгі жайы қандай? «ң» мен «н»-ды адамдар неге шатастырады? Оған не әсер етті? Осы сауалдарға жауап іздеп, бірнеше маманға жүгініп, пікірін білдік.

Түркітілдес халықтарға ортақ дыбыс


Түркітанушы докторант, А.Байтұрсынұлы музей-үйінің аға ғылыми қызметкері Әділет Ахметұлы «ң» дыбысы күллі түркі тілдес халықтарда бар екенін айтады. Сөздердің түп төркінін, шығу этимологиясын зерттеп келе жатқан маманның тұжырымдауынша, кез келген дыбыстың арғы тарихына үңілген дұрыс. Қазақтың хан-сұлтандарының хаттарында да, кешегі Абай жазбаларында, Ахметке дейінгі Ыбырай, Шоқан жазбаларында, басқа да енді-енді табылып жатқан жәдігерлердің барлығында «ң» өте кеңінен кездеседі екен. Олай болса, түркітілдес халықтарға тән дыбыс қалай жойылды және оған не әсер етті?

Уақыт өте келе кейінгі дәуірдегі саяси, қоғамдық себептерден, сосын өзге әліпбиге көшу сияқты кейбір жағдайлардың дұрыс ескерілмеуінен халықтың төл дыбыстау заңдылығына да өте үлкен нұқсан келді. Оның зардабы кейінгі ұрпақтың кейбір әріптерді дұрыс айта алмайтын деңгейге жетуіне әкелді.

Реформа жасамас бұрын реттілік керек

1921 жылдан бастап Түркия латын әліпбиіне өте асығыс түрде көшті. Бұл асығыстықтың себебі – Осман империясының геосаяси жағдайы, яғни үлкен империялармен қоршалған ірі мемлекет ретінде реформаларды тез жүргізуге мәжбүр болды. Осы реформаның салдарынан әуелі әліпби өзгерді, артынша жаңа жазуды меңгерген ұрпақтың сөйлеу ерекшеліктері де өзгерді. «Қ» мен «к» дыбыстарының арасындағы айырмашылық жойылып, «қ» дыбысы біртіндеп тілден түсіп қалды. Сол сияқты, «ң» дыбысы да жоғалды. Ал шын мәнінде, аталмыш дыбыстар – түркі тілдерінің қазыналы, төл дыбыстары еді. Бұл – әліпби реформасының тілді қалай өзгертетініне тек бір ғана түркі еліне қатысты нақты мысалы.

Ал енді біздің елге оралсақ, қазақ жастарында да «ң»-ды дыбыстап айта алмау, «ң»-мен айтылатын сөзді «н»-мен айту ерекше белең алып отырғаны белгілі жағдай. «Ң» – қазақ тіліне тән ерекше дыбыстардың бірі. Бұл тек бір әріптің мәселесі емес, бұл – ұлттың дыбыстық болмысы. Төл дыбысымыз арқылы біз өзге халықтан дараланып тұрамыз. Алайда, XX ғасырдағы әліпби реформалары – алдымен 1930 жылы латынға, кейін 1940 жылы кириллицаға көшкеніміз – осы дыбыстың табиғи қолданысына үлкен соққы болды. Кеңестік кезеңде орыс тілі үстемдікке ие болып, кириллица қазақ тілінің табиғатына сай бейімделмей қабылданды. Нәтижесінде «н» мен «ң» дыбыстарының арасы жақындап, бір-біріне ұқсас жазылып, айтылуы да шатаса бастады. Уақыт өте келе, әсіресе, жас ұрпақ арасында «қайдасың»-ның орнына «қайдасын», «оңай» деудің орнына «онай» деп айту жиіледі. Бұл – тек фонетикалық өзгеріс емес, бұл – ұлттық ерекшеліктің жойыла бастауы. Филология ғылымдарының магистрі



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әділет АХМЕТҰЛЫ,
А.Байтұрсынұлы музей-үйінің
аға ғылыми қызметкері, түркітанушы:

Латын әліпбиіне көшкенде «ң» әрпін дұрыс жобалауымыз керек

Біз өзімізді айтпай тұрып, алдымен Түркияға назар аударайықшы. Түрік тілінде бүгінде «ң» және «қ» дыбыстары жоқ. Түрік тілі – оғыз тобына жатады, ал қазақ тілі – қыпшақ тобына. Қыпшақ тобына қазақ, ноғай, татар, қарақалпақ тілдері кіреді. Бұл топтағы тілдерде «ң» дыбысы жақсы сақталған. Ал оғыз тобына келсек, олардың көне жазба мұраларында «ң» дыбысы белсенді қолданылған. Мың жыл бойы түркі халықтары араб әліпбиін ортақ жазу ретінде қолданған. Сол әліпбиге қарайтын болсақ, онда да «ң» дыбысы анық көрінеді. Көне түркіден жеткен мұраларға қарайтын болсақ, «ң» дыбысы өте айқын. Бүгінгі таңда да «ң» дыбысы қолданылып келе жатқан түркі тілдес елдер көп. Бірақ ішінара тілдерде бұл дыбыс жойылып кетті.

Мәселен, Әзербайжан мен Түркияда «ң» дыбысы қолданылмайды. Әрпі де жоқ, дыбысы да жоқ. Алдағы уақытта латын әліпбиіне толықтай көшетін болсақ, онда біз «ң» әрпін дұрыс жобалауымыз керек. «Ң» әрпін «н»-ға ұқсатпауымыз керек. Өйткені, біз екеуін ұқсатудың зардабын көрдік. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуы 1912 жылдан 1929 жылға дейін 17 жыл қазақ баспасөзінде дәурендеді. Онда «ң» өте керемет белгіленген және бөлек әріппен таңбаланған. Оны «к»-ға да, «н»-ға да ұқсатқан жоқ. Ахметтің ұлылығы сонда жатыр. Бұл дыбысқа қатысты үкім шығару үшін, ең алдымен, көне түркі жазба ескерткіштеріне қараған жөн. Күлтегін бітік тасы, Білге-Қаған бітік тасы, Мойун-чур құлпытасы сияқты көне түркі жазуымен шыққан жазылған дүниелер бар. Кейіннен көне ұйғыр жазуымен жазылған мәтіндер. Одан кейін заманда біз мұсылмандықты қабылдағандықтан, араб жазуымен ортақ түркі жазуы бар болды сол кездің өзінде. Соның өзінде де мұсылман түріктеріне арналған, сол жазуға қарайтын болсақ та, бәрінде де «ң» дыбысы толып тұр. Қазіргі түркі халықтарының әліпбилеріне қарасақ, бұл дыбыс қазақта толыққанды бар, қырғыздарда бар. Басқа да халықтарда, мысалы, татарларда, тіпті бізден өте ертеде алыстап, бөлініп кеткен сахаларда бар.

Нұржұма Елесбай қазіргі қазақ қоғамында «ң»-ның әлсірей бастауын бірнеше себепке байланыстырады. Маман олардың аражігін ажыратып, түсіндіріп берді:

► Физиологиялық факторлар. Кей балалардың дыбыстау мүшелері толық дамымай, кейбір дыбыстарды анық айта алмауы мүмкін. Бұл сөйлеу қабілетінің табиғи ерекшелігімен байланысты.

► Отбасының тілдік ортасы. Баланың ана тілін дұрыс меңгеруі отбасындағы сөйлеу мәдениетіне тікелей байланысты. Ата-анасы көркем әдеби тілде сөйлесе, бала да тіл байлығын дұрыс қалыптастырады.

Ал тілді шұбарлап, аралас сөйлейтін ортада өскен бала ана тілінің табиғи қалпын толық игере алмайды.

► Тілдік жаттығудың аздығы. Баланың тілін дамыту үшін жаңылтпаш, жұмбақ, қара өлең секілді жаттығулар қажет. Бұл әдістер баланың дыбыстау, ойды анық жеткізу қабілетін жетілдіреді.

► Әліпби мен жазу жүйесінің әсері. «Ң» мен «н» әріптерінің жазылуындағы ұқсастық та шатастыруы мүмкін. Әсіресе, орыс тілінде оқыған балаларда бұл жиі байқалады. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуында әр дыбыстың айқын таңбасы

болған. Бұл – тіл үйренуші үшін жеңіл әрі дыбысты дұрыс айтуға қолайлы.

► Мағыналық бұрмалау. Мысалы, «көлігіңіз жаңа ма?» деген сөйлем «көлігіңіз жана ма?» деп бұрмаланса, мүлде басқа мағына береді. Сондықтан бір дыбыстың дұрыс айтылуы – тұтас сөйлемнің мағынасына әсер етеді.

Біз «ң»-ның жағдайын сұрап дефектолог-логопед маманның да пікірін білдік. «ARSHA» дамыту орталығының дефектологы Гүлдана Тоқсанбаева 6 жылдан бері балалардың тілінде дұрыс шықпаған дыбыстарды қоюмен айналысып келе жатқан білікті маман.

Айтуынша, тәжірибесінде баласының тілінде «ң»-ды айта алмау деген мәселеге бас қатырып, алаңдаушылық танытып жатқандар бірен-саран. Тіпті, жоқтың қасы екен. «Балаларын диагностикаға алып келген ата-аналардың өздері «ң» дыбысын «н»-мен айтады. Және оны қалыпты өмірге енгізіп алған. Бір жағы «ң»-ға тілі келмеуді үлкен дәреже санайды. Бұлай сөйлеу қазіргі заманның абыройына айналды десем, артық айтпағаным. Осыны түзету керек екен деп ешкім ойлап, қабылдап жатқан жоқ», – деп кейістік танытты жанашыр маман. Ол көп жағдайдың тікелей ата-анаға қатысы барын айтады: бала тілінің дамуына логопедпен қатар, ата-ананың қолдауы мен белсенділігі ерекше әсер етеді. Анасының мейіріммен үйретуі, мадақтап отыруы – баланың дыбысты тез меңгеруіне жол ашады. Сондықтан дыбыстық кемшілікті дер кезінде байқап, түзетудің маңызы зор. «Тіл ана сүтімен дариды» деп бекер айтылмаған...

Бұл жай ғана сөйлеу кемшілігі емес

Кей балалар мектепке барғанда диктант жазу кезінде «ң» мен «н» дыбыстарын шатастырып, жиі қате жібереді. Бұл жай ғана сөйлеу кемшілігі емес, фонематикалық есту қабілетінің бұзылғанын білдіреді. Яғни бала «ң» дыбысын дұрыс естіп, ажырата алмайды, сол себепті жазуда да үнемі қате жібереді. Егер бұл мәселе ерте жастан түзелмесе, бала жоғарғы сыныптарда да осындай қателікті қайталай береді. Бүгінде ата-аналардың көпшілігі бұл кемшілікті қалыпты жағдай деп есептейді, логопед маманның көмегіне жүгінбейді. Алайда, фонетикалық және фонематикалық қабілетті дамыту – тілдік сауаттылықтың негізі. Егер баланың барлық дыбыстары дұрыс шығып, тек «ң» дыбысына қатысты ғана мәселе болса, оны түзету логопед маманның көмегімен оңай іске асады. Басты әдіс – салыстыру. Баланың түсінуі үшін алдымен «н» мен «ң» дыбыстарының айырмашылығын көрсету маңызды. Мысалы, «н» дыбысын айтқанда тіл үстіңгі тістің артына тіреліп, ауа жолы тұйықталады. Ал «ң» дыбысында тілдің ұшы төменде, ал артқы бөлігі жұмсақ таңдайға жабысады. Ауа жолы ашық қалады.

Бұл айырмашылықты балаға айна алдында немесе қол қимылымен көрсету арқылы түсіндіруге болады. Бала еліктеу арқылы бұл қозғалысты қайталайды. Осылайша дыбыс физиологиялық деңгейде қалыптасады.

Белгілі сатирик, ақын, жазушы Оспанхан Әубәкіровтің «Ңең» деген өлеңі барын біреу білсе, біреу білмес. Оның бұл өлеңі қазақ тіліндегі «ң» дыбысына арналған ерекше сатиралық шығарма. Қаламгер осы туындысы арқылы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, ұлттық ерекшелігін, фонетикалық байлығын қорғауға үн қосқанын айта кеткен жөн. Онсыз да тасада қалып келе жатқан «ң»-ның жайын сөз сардарынан артық сипаттап, суреттей алмаспыз. Бүгінгі «ң»-ды айта алмайтын бала ертең-ақ ата-ана атанып, немересін алдына алған ата-әже болады. Өзінің тіліндегі құндылықтарды, ерекшеліктерді жөнді меңгермеген ондай «болашақ қариялардан» қандай қазына күтуге болады? Бұл дыбыстың жоғалуы – ұлттық болмысымызға төнген үлкен қауіп. Сондықтан «ң» әрпінің қазіргі жағдайына бей-жай қарауға болмайды. Бір дыбыстың өзі ұлттың бет-бейнесін өзгертіп жіберетініне жоғарыда келтірілген дәлелдердің өзі де жеткілікті.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 7 айға – 4293,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 7 айға – 9209,34 (қала), 5623,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 7 айға – 2753,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

Орман зиянкестерінің ағаштарға әсері және олардың адамдарға тигізетін ықпалы

Орман зиянкестерінің белсенділігі тек экологиялық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік және экономикалық проблемалар туғызады. Адамдар орманды шаруашылық мақсатта пайдалану кезінде зиянкестердің әсерінен едәуір шығынға ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар, орманның бұзылуы адам денсаулығына да әсер етеді. Орман экожүйелерінің бұзылуы ауа сапасының нашарлауына, топырақтың эрозиясына және су ресурстарының ластануына әкелуі мүмкін.

Орманда зиянкестердің белгілерін немесе заңсыз әрекеттерді байқасаңыз, жергілікті орман шаруашылығы мекемелеріне немесе экологиялық ұйымдарға хабарлау маңызды. Бұл зиянкестердің таралуын ерте анықтап, тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Осы аталғандар негізінде Алматы қаласы КММ «Медеу» МӨТП аумағында, жапырақ кеміргіш зиянкестерге қарсы (әртүрлі жапырақ жегіштер, пяденицалар, жібек көбелектері, дің егеуіштер, жапырақ ширатқыштар, ағаш жапырақтарының биттері және жусан жапырақты ойраншөп, сарышырмауық) алдын алу және қорғау мақсатында Медеу паркінің аумағында (Медеу шатқалы, Бутаковқа шатқалы, Баум тоғайы) биологиялық препараттар қолдану арқылы өңдеу жүргізіледі.

Зиянкестер мен ауруларды анықтау жұмыстарының методикасына сәйкес «ЗаРа Гранд» ЖШС мамандарының тікелей қатысуымен парк аумағында жасыл желектердің зиянкестеріне қарсы биологиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында қолданылған арнайы техникалар – МТЗ 82.1, Беларусь 80.1, УТО-emp554x тракторларына тіркемелі caffin1 –1500в тіркеме бүріккіші CAFFINI-400, CAFFINI-600 бүріккіштері, газель автокөліктері, водовоз, жол сілтеуші жеңіл автокөліктер, оған қосымша ранстық бүріккіштер арқылы биологиялық өңдеу жұмыстары бірінші кезеңі жүргізіледі.

Өңдеу жиілігіне байланысты 20–50 күн аралығымен бір маусымда 4 кезеңде көрсетіледі: 1-кезең: 10 мамырдан 15 мамырға дейін (1-ші өңдеу); 2-кезең: 30 мамырдан 20 маусымға дейін (2-ші өңдеу); 3 кезең: 1 шілдеден 20 шілдеге дейін (3-ші өңдеу); 4-кезең: 1 тамыздан 20 тамызға дейін (4-ші өңдеу). Өңдеу жұмыстары жүргізілетін аумақтар:

«Баум тоғайы», «Медеу» орманшылығы.

2025 жылы 6 мамырда Алматы қаласы Түркісіб ауданы «Баум» тоғайында жүргізілген мониторинг жұмыстары барысында 20 га аумақта: зигзаг пішінді қарағаш зиянкесі (Ильмовый пилильщик-зигзаг Agroreros leucopoda Takeuchi), қарағаш жапырақ жегіші (Вязовый листоед лат. Xanthogaleruca luteola), емен ағашының жапырақ бүлдіргіші (Листовёртка зелёная дубовая лат. Tortrix viridana) анықталып, өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Жұмыс барысында келесі биологиялық препараттар қолданылады: **АҚ КӨБЕЛЕК – зиянкестерге қарсы биологиялық инсектицид;** **АКТАРОФИТ – топырақ бактерияларына қарсы биологиялық инсектицид, яғни өсімдік зиянкестеріне қарсы қолданылатын табиғи негіздегі дәрі.**

Орман зиянкестері ағаштарға ғана емес, адам денсаулығына да ықпал ететіні белгілі. Бұл мәселелерді шешу үшін орманды қорғау және орман шаруашылығын дұрыс басқару қажет, сондай-ақ химиялық заттарды қолдану кезінде экологиялық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керек. Орман зиянкестерімен күресу, экосистеманың тұрақтылығын қамтамасыз ету және адам денсаулығын қорғау үшін жан-жақты шаралар қажет. Тек экологиялық тұрғыдан дұрыс әдістер мен стратегияларды қолданып, біз орман ресурстарын тиімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ете аламыз.

Ж.ҚЫРҒЫЗБАЙ,

Алматы қ. ЭжҚО басқармасы «Медеу» МӨТП КММ Табиғи кешендерді қорғау маманы – орман патологы – мемлекеттік инспектор.

Қазақ тілі – тәуелсіз ел тірегі

Ана тілі – адам баласының дүние есігін ашып, жарық өмірмен алғаш танысқан сәтінен бастап бойына сіңіретін қастерлі құндылық. Ол – ұлттың жаны, рухани тірегі, өткені мен бүгіні, болашағы мен болмысы. Тілсіз халық болмайды, тілсіз мәдениет қалыптаспайды. Осы тұрғыдан алғанда, ана тіліміз – қазақ халқының рухани өзегі, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының айнасы.

Қазақ тілі – бай да көркем, құнарлы да мағыналы тіл. Ол ғасырлар бойы талай тарихи кезеңдерден өтіп, небір шайқастар мен сынақтарға төтеп беріп, бүгінге аман-есен жеткен қасиетті мұра. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы тіліміздің құдіретін «Өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас» деп жоғары бағалаған. Ал Мұхтар Әуезов «Қазақ тілі – ұлт тілі, халық тілі. Ол біздің ең басты байлығымыз» деген еді. Осындай ұлы тұлғалар тіліміздің мәртебесін биікке көтеріп, оның тағдырын жүрекпен сезіне білген.

Ана тілі – әр адамның туған анасындай қадірлі. Ол – баланың бесік жырынан бастап, өскен сайын бойына даритын ұлттық сананың діңгегі. Ана тілін сүю – Отанды сүюмен пара-пар. Себебі, тіл – елдің тұтастығын, ұлттың бірлігін сақтап тұратын алтын көпір. Егер сол көпір бүлінсе, ұлттың рухани іргетасы шайқалады.

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі қарқынды жүріп жатқан шақта, ана тіліміздің тағдырына ерекше мән беру – әрбір азаматтың борышы. Көп тілді меңгеру – заман талабы, алайда өз ана тілімізге деген құрмет, сүйіспеншілік пен жауапкершілік ешқашан төмендемеуі тиіс. Қазақ тілін шұбарламай, көркем әрі таза сөйлеу – әр ұлтжанды азаматтың парызы. Бұл – ұлт алдындағы аманат.

Мемлекет тарапынан тіл саясатына айрықша көңіл бөлініп, қазақ тілін дамыту бағытында нақты қадамдар жасалып жатыр. Мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілі пәні кең көлемде оқытылып, баспасөз беттерінде, телерадио арналарында мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге арналған жобалар жүзеге асуда. Дегенмен, бұл бастамалардың жемісті болуы – әрбір азаматтың ниетіне, санасына байланысты.

Сөз соңында айтарым: ана тіліміз – асыл мұрамыз, мәңгілік ел болу жолындағы темірқазығымыз. Оны құрметтеу, ардақтау – ұрпақтың рухани байлығы мен ұлттың келешек тағдырына деген адалдықтың белгісі.

Ана тілі – аманат,

Оны сақтау – азаматтық парыз!

К.Т.ӘДІЛБЕКОВА,

Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінің ерекше режимдегі жұмыстардың төлемдерін өткізу басқармасының бас маман – бас қазынашысы.

Алматы қаласы, Алатау аудандық сотымен, **Алматы қаласы, «Айгерім-2» ықшамауданы, Ақатаев к-сі, 82/4 үйде** тұратын Бердиева Рая Хамзаевнаның арызы бойынша, 15 тамыз, 1979 жылы туылған Иембергенов Улан Жамагатовичті өлді деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалған.

Осыған орай, хабарлама жарыққа шыққан күннен бастап үш ай мерзімде, 15 тамыз, 1979 жылы туылған Иембергенов Улан Жамагатовичтің қай жерде жүргені жайлы мәліметке ие тұлғалардан, Алматы қаласы Алатау аудандық соты мына мекенжай бойынша хабарлауын өтінеміз: **Алматы қаласы, Жанқожа батыр көшесі, 26/1. Тел.: 8 (727) 333-14-01.**

Алмалы ауданының **«Тен Qogam»** мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы өз қызметін мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық, білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік курстар мен компьютерлік сауаттылық курсын өткізуге бағытталған қызметін жалғастыруда.

Мекенжайы: Жамбыл көшесі, 168 А. Телефон: +7 (727) 378-88-04. Instagram: tenqogam.almaly.2025



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Оффеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

SUPERAPP:

Алматыда туристер үшін арнайы қосымша іске қосылады

«Қазақстандағы цифрлық туризм — 2025» форумында ҚР Туризм және спорт министрінің орынбасары Ержан Еркінбаев елімізде туризм саласындағы барлық цифрлық қызметтерді біріктіретін TravelStan платформасы биыл жыл соңына дейін іске қосылатынын айтқан еді. Ал Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітова мегаполис тарапынан туристерге арналған тағы бір қосымша әзірленіп жатқанын хабарлады. Осыған орай, газет тілшісі Туризм басқармасына сауал жолдап, қосымшада саяхатшылар үшін қандай қызметтер қолжетімді болатынын нақтылады.

Басқарма мәліметіне сәйкес, қосымшаға әзірге SuperApp атауы берілген. Ол Алматы қаласындағы барлық туристік және қалалық қызметтерді біріктіретін бірыңғай мобильді платформа ретінде ұсынылмақ. Қосымшаны Алматы қаласының Цифрландыру басқармасы «Оңай» сервисі арқылы «Алматы қаласының Келік холдингі» ЖШС-мен бірлесіп әзірлеп жатыр.

Туризм басқармасының өкілі мәлімдегендей, «SuperApp жобасының басым бағыттарының бірі — қала тұрғындары мен қонақтарына туризмнің цифрлық экожүйесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін туристік сервистер платформасын дамыту. Бұл жүйе өзекті ақпарат алуға және қызметтерді ыңғайлы форматта броньдауға жағдай жасайды. Пайдаланушылар мәдени және спорттық іс-шараларға билеттер сатып



ала алады, цифрландырылған соқпақтар мен туристік маршруттар бойынша бағыттарды зерттеп, жоспарлай алады, Алматы қаласы бойынша өзекті турлар мен экскурсияларды брондап, қаланың көрнекті орындары бойынша VR-саяхаттар жасай алады.

Қосымшаны әзірлеу жұмыстарының аяқталуы және іске қосылуы 2025 жылғы 1 шілдеге жоспарланған.

ALMATY TOURISM BUREAU: гастрогид туристерге жол көрсетеді

• Алматыда гастрономиялық бағытта қызмет көрсететін гидтер жоқтың қасы. Бұған байланысты Almaty Tourism Bureau Алматыны өңірдің гастрономиялық астанасы ретінде дамыту үшін арнайы гастрономиялық гид әзірледі.

Гидке 140-тан астам ерекше тағамдар мен дастархан ұсынатын мекемелер енген. Мұнда қалада гастрономиялық тәжірибе алуға арналған бағыттар, идеялар мен сценарийлер қамтылған.

Гид бірнеше тақырыптық бағытты қамтиды. «Классикалық тур» Алматының тарихын тағамдар арқылы таныстырады. «Дәстүрлі гид» қазақ ұлттық тағамдарына терең үңілуге мүмкіндік береді. «Мультимәдени гид» еліміздің мәдени алуан түрлі екенін ас мәзірі арқылы көрсетеді. «Тау мен гастрономия» бағыты белсенді демалыста татып көруге тұрарлық дәм топтасын ұсынады. Сонымен қатар, «Инстаграммбл-маршрут» көркем локацияларды, ал Art&Eat концептуал әрі өнерге бағытталған орындарды таныстырады.

Гид, сондай-ақ, көше тағамдары мен барларға арналған бағыттарды қамтиды. Бұдан бөлек, Алматыға ғана тән ерекше тағамдар мен сапардан естелік ретінде алып кетуге болатын азық-түлік кәдесый тізімі де енгізілген. Жоба үш тілде — қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалған, бұл оны кең аудитория үшін қолжетімді етеді. Гидтің баспа нұсқасы туристерге таратылмақ, ал ағылшын тіліндегі нұсқасы шекаралық бақылау пункттерінде және туристік ақпараттық орталықтарда қолжетімді болады.

Әзірлеген Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

«ДЕЛА РУК–2025»



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде ұйымдастырылған дәстүрлі «Дела рук–2025» байқауына биыл тек Алматыдағы оқу орындары ғана емес, Шымкент, Қарағанды, Астана қалаларынан да командалар келді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Фестивальдің басты мақсаты — жұмысшы мамандықтарының, соның ішінде аспаз, наубайшы, кондитер сынды кәсіптердің беделін көтеріп, студенттердің кәсіби дамуына қолдау көрсету. Сонымен қатар, гастрономиялық және қолөнер шеберлігін кеңінен насихаттау болып табылады. Соңғы жылдары фестиваль аясында «Халықаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды нығайту» қағидаты қосылып халықаралық дәрежедегі әділқазылар құрамы Ресей,

Қырғызстан және басқа көрші елдерден шақырыла бастады.

Фестиваль аясында бірнеше байқау мен тағам өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Халықаралық командалық аспаздық және наубайшылық жарыстар», «Алтын наубайшы», «Алтын шеф-кондитер», «Алтын шеф-аспаз» байқаулары, «Шоколадтан және қамырдан жасалған бұйымдар» көрмесі, «Қазақстанның ең үздік пиццасы» чемпионаты, «Тағамнан жасалған көркем шығармалар экспозициясы» сынды байқаулар ұйымдастырылды.

Үш күнге созылған байқау өз ісінің нағыз мамандарын танытты. Жасөспірімдер арасында өткен командалық жарыс қорытындысы бойынша: үздіктер байқау дипломымен марапатталды. Сонымен қатар, аталымдар бойынша жеңімпаздар арнайы сертификаттарға ие болды.

АСПАЗДЫҚ ФЕСТИВАЛІ

мәресіне жетті

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ләззат ӘДІЛБЕКҚЫЗЫ,
Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің
«Тамақтандыру индустриясы»
бөлімінің меңгерушісі:

Мүмкіндіктер алаңы

Тамақтану саласы — үнемі өзгеріп, дамып отыратын сала. Бұрынғы әдіс-тәсілдер өзгеріп, жыл сайын жаңа трендтермен алмасып отырады. Байқау барысында студенттер тек кәсіби тұрғыда емес, психологиялық жағынан да шыңдалады. Осынау үш күн ішінде олар өзін ұстай білу, көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті, қызмет көрсету әдебі, тәжірибе алмасу сынды дағдыларды меңгерді. Жалпы, біздің колледж түлектерінің көпшілігі өзінің жеке кәсібін ашып, өмірден өз орнын тапты. Қазіргі таңда кәсіпкер ретінде колледж студенттерінің тәжірибеден өтуіне қолдау көрсетіп отыр.